Имбрувика препаратының созылмалы лимфоциттік лейкозды емдеу үшін ұсынылатын дозасы монотерапия кезінде де, біріктірілген ем кезінде де күніне бір рет 420 мг (үш капсула) құрайды (біріктірілген режим туралы егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін 5.1-бөлімін қараңыз).

Вальденстрем макроглобулинемиясын емдеу үшін ұсынылатын дозасы күніне бір рет 420 мг (үш капсула) құрайды.

Имбрувика препаратымен емдеу ауру үдегенге дейін немесе пациент ауруды бастан өткергенге дейін жалғаса беруі тиіс.

Имбрувика препаратын анти-CD20 еммен біріктіріп қолданғанда, егер қабылдау сол күні жүзеге асырылатын болса, Имбрувика препаратын ритуксимабты немесе обинутумабты қабылдағанға дейін қабылдап алу ұсынылады.

Дозасын түзету

СҮР3А4 изоферментінің орташа немесе күшті тежегіштері ибрутинибтің концентрациясын арттырады (4.4 және 4.5 бөлімдерін қараңыз).

СҮР3А4 изоферментінің орташа тежегіштерімен бірге қолданғанда ибрутинибтің дозасы күніне бір рет 280 мг (екі капсулаға) дейін төмендетілуі тиіс.

СҮР3А4 изоферментінің күшті тежегіштерімен бірге қолданғанда ибрутинибтің дозасы күніне бір рет 140 мг (бір капсулаға) дейін төмендетілуі тиіс немесе препаратты қолдану 7 күнге дейінгі кезеңге тоқтатыла тұруы тиіс.

3-дәрежелі және одан жоғары гематологиялық емес уыттылық пайда болған немесе күшейген, инфекциямен немесе қызбамен қатар жүретін 3-дәрежелі және одан жоғары нейтропения немесе 4-дәрежелі гематологиялық уыттылық болған жағдайда, Имбрувика препаратымен емдеуді тоқтата тұру керек. Уыттылықтың клиникалық көріністері 1-дәрежеге дейін немесе бастапқы мәніне дейін төмендегеннен кейін (жай-күйі қалыпқа келеді), Имбрувика препаратын бастапқы дозада қабылдауды қайта бастауға жол беріледі. Уыттылық құбылыстары қайта дамыған жағдайда дозаны бір капсулаға (140 мг) төмендету қажет. Қажет болса, тағы да 140 мг дозаны екінші рет төмендету қарастырылуы мүмкін. Уыттылықтың тұрақты көріністері немесе олардың қайталануы жағдайында дозаны екі рет төмендетуден кейін Имбрувика препаратын тоқтату керек.

Дозасының ұсынылатын модификациялары төменде сипатталған:

Уыттылық көрінісі	Мантия аймағы жасушаларының лимфомасы бар пациенттерде уыттылық симптомдарын жойғаннан кейін дозасын модификациялау	Созылмалы лимфоциттік лейкозы және ВМ бар пациенттерде уыттылық симптомдарын жойғаннан кейін дозасын модификациялау
Бірінші	Емдеуді тәулігіне 560 мг дозасымен қайта бастау керек	Емдеуді тәулігіне 420 мг дозасымен қайта бастау керек
Екінші	Емдеуді тәулігіне 420 мг дозасымен қайта бастау керек	Емдеуді тәулігіне 280 мг дозасымен қайта бастау керек
Үшінші	Емдеуді тәулігіне 280 мг дозасымен қайта бастау керек	Емдеуді тәулігіне 140 мг дозасымен қайта бастау керек
Төртінші	Имбрувика препаратын тоқтату керек	Имбрувика препаратын тоқтату керек

Дозасын жіберіп алу

Егер Имбрувика препаратының кезекті дозасы жоспарланған уақытта қабылданбаса, оны сол күні барынша тезірек қабылдап, келесі күннен бастап препаратты қабылдаудың әдеттегі кестесіне оралуға болады. Жіберіп алған дозаларының орнын толтыру үшін қосымша капсулаларды қабылдауға болмайды.

Пациенттердің ерекше топтары

Балалар

0-ден 18 жасқа дейінгі балаларда Имбрувика препаратын қолданудың қауіпсіздігі мен

тиімділігі анықталмаған. Деректер жоқ.

Егде жастағы пациенттер

Егде жастағы (≥ 65 жас) пациенттерде дозасын түзету қажет емес.

Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттер

Ибрутиниб бауырда метаболизденеді. Бауыр функциясы бұзылған пациенттерде зерттеу нәтижелері қандағы Ибрутиниб концентрациясының жоғарылағанын көрсетті (5.2 бөлімін қараңыз). Бауыр функциясының жеңіл дәрежелі бұзылуы бар (Чайлд-Пью бойынша А класы) пациенттер үшін ұсынылатын дозасы күн сайын 280 мг (екі капсула) құрайды. Бауыр функциясының орташа дәрежелі бұзылуы бар (Чайлд-Пью бойынша В класы) пациенттер үшін ұсынылатын дозасы күн сайын 140 мг (бір капсула) құрайды. Пациенттерде уыттылық белгілеріне бақылау жасау және қажет болған жағдайда дозасын түзету қажет. Бауыр функциясының ауыр дәрежелі бұзылуы бар (Чайлд-Пью бойынша С класы) пациенттерде Имбрувика препаратын қолдану ұсынылмайды.

Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттер

Бүйрек функциясы бұзылған пациенттерде жекелеген клиникалық зерттеулер жүргізілген жоқ. Алайда Имбрувика препаратымен клиникалық зерттеулерге бүйрек функциясының жеңіл және орташа дәрежедегі бұзылуы бар пациенттер қатысты. Бүйрек функциясы жеңіл және орташа дәрежеде бұзылған (креатинин клиренсі 30 мл/мин астам) пациенттерде дозаны түзету қажет емес. Сусызданудың алдын алу және сарысулық креатинин деңгейін үнемі тексеру қажет. Имбрувика препаратын бүйрек функциясының ауыр бұзылуы бар (креатинин клиренсі минутына 30 мл-ден аз) пациенттерде қолдану, егер емделудің артықшылығы ықтимал қауіптен асқан жағдайда ғана жол беріледі, бұл жағдайда пациенттердің жай-күйіне уыттылық белгілерінің пайда болуына мұқият бақылау жүргізу қажет. Ауыр дәрежедегі бүйрек функциясы бұзылған пациенттерде, сондай-ақ диализдегі пациенттерде қолданылуы туралы мәліметтер жоқ (5.2 бөлімін қараңыз).

Жүректің ауыр дәрежелі аурулары бар пациенттер

Ауыр дәрежелі жүрек-қантaмыр аурулары бар пациенттер Имбрувика препаратымен жүргізілген клиникалық зерттеулерден шығарылып тасталды.

Қолдану тәсілі

Ішке қабылдауға арналған.

Имбрувика препаратын күніне 1 рет ішу арқылы, күн сайын шамамен бір уақытта бір стакан су ішіп қабылдау керек. Капсулаларды сумен ішіп, бүтіндей жұту қажет; капсулаларды ашуға, сындыруға немесе шайнауға болмайды. Имбрувика препаратын грейпфрут шырынымен немесе померанц шырынымен бірге ішуге болмайды (4.5 бөлімін қараңыз).

4.3 Қолдануға болмайтын жағдайлар

- белсенді затына немесе 6.1 бөлімінде атап келтірілген қосымша заттарының кез келгеніне жоғары сезімталдық.
- Имбрувика препаратымен ем қабылдап жүрген пациенттерге құрамында шілтерлі шайқурай бар препараттарды қолдануға болмайды.

4.4 Айрықша нұсқаулар және қолдану кезіндегі сақтық шаралары

Қан кетумен байланысты жағдайлар

Имбрувика препаратын қабылдаған пациенттерде тромбоцитопениямен бірге және онсыз қан кету жағдайлары хабарланған. Олар қан кетудің елеусіз жағдайларын, мысалы, көгерген кезде қан кетулерді, мұрыннан қан кетулерді және петехияны, сондай-ақ қан кетудің елеулі жағдайларын, асқазан-ішектен қан кетуді, бассүйекішілік қан кетуді және гематурияны қоса, кейбір өліммен аяқталатын жағдайларды қамтыды.

Варфаринді және К дәруменінің басқа да антагонистерін Имбрувика препаратымен бірге қолданбаған дұрыс

Тромбоциттер (антиагреганттар) функциясын Имбрувика препаратымен бірге тежейтін антикоагулянттарды немесе дәрілік препараттарды қолдану ауқымды қан кету қаупін арттырады. Антиагреганттармен салыстырғанда антикоагулянттарды қолданғанда қатты қан кетудің жоғары қаупі байқалды. Имбрувика препаратымен бірге қолданғанда антикоагулянттық немесе антиагрегантты емнің қауіптері мен артықшылықтарын бағалау керек. Пациенттерді қан кету белгілері мен симптомдарының пайда болуын бақылау қажет.

Балық майы және Е дәрумені препараттары сияқты қоспаларды қолданбау қажет.

Имбрувика препаратымен емдеуді операцияның типіне және қан кету қаупінің дәрежесіне байланысты хирургиялық араласымға дейін және одан кейін 3-тен 7 күнге дейінгі мерзімге тоқтата тұру керек.

Қан кетумен байланысты жағдайлардың әсер ету механизмі толық зерттелген жоқ. Туа біткен геморрагиялық диатезі бар пациенттер зерттелмеген.

Лейкостаз

Имбрувика препаратын қабылдаған пациенттерде лейкостаздың бірлі-жарым жағдайлары байқалған. Айналымдағы лимфоциттердің көп мөлшері (>400000/мкл) лейкостаздың пайда болу қаупін арттыруы мүмкін. Имбрувика препаратымен емдеуді уақытша тоқтата тұру қажеттілігін қарастыру керек. Пациенттердің жай-күйіне мұқият бақылау жүргізу қажет. Көрсетілімдер бойынша гидратацияны және/немесе циторедукцияны қамтитын демеуші ем жүргізу керек.

Көкбауырдың жарылуы

Имбрувика препаратымен емдеуді тоқтатқаннан кейін көкбауырдың жарылу жағдайлары хабарланды. Имбрувика препаратымен емдеуді тоқтатқан немесе тоқтатқан жағдайда аурудың жай-күйін және көкбауырдың мөлшерін (мысалы, клиникалық тексеру, УДЗ) мұқият бақылау керек. Жоғарғы іштің немесе иықтың сол жағында ауырсыну пайда болған пациенттердің жағдайын бағалау және көкбауырдың жарылу диагнозының ықтималдығын қарастыру керек.

Инфекциялар

Имбрувика препаратымен ем қабылдаған пациенттерде инфекциялардың (сепсисті, нейтропениялық сепсисті, бактериялық, вирустық немесе зеңдік инфекцияларды қоса) туындау жағдайлары байқалған. Бұл инфекциялардың кейбіреулері ауруханаға жатқызуды қажет етеді немесе өлімге әкелді. Инфекция өлімге әкелген пациенттердің көпшілігінде нейтропения да байқалды. Қызбаны, бауыр функциясының биохимиялық көрсеткіштерінің нормадан ауытқуларын, нейтропенияны және инфекцияларды анықтау мақсатында пациенттердің жағдайын бақылау, сондай-ақ көрсетілімдер бойынша инфекцияға қарсы тиісінше ем жүргізу қажет. Оппортунистік инфекциялардың даму қаупі жоғары пациенттерде емдеу стандарттарына сәйкес алдын алу қажеттілігін қарастыру керек.

Ибрутинибті қолданғаннан кейін аспергиллез, криптококкоз және *Pneumocystis jiroveci* инфекцияларын қоса, инвазивті зеңдік инфекциялар жағдайлары туралы хабарланды. Инвазивтік зеңдік инфекциялардың байқалған жағдайлары өліммен аяқталуымен астасқан.

Алдыңғы немесе қатар жүретін иммуносупрессиялық ем шеңберінде ибрутинибті қолданғаннан кейін үдемелі мультифокальді лейкоэнцефалопатия (ҮМЛ) жағдайлары, оның ішінде өліммен аяқталатын жағдайлар туралы хабарланды. Дәрігер жаңа немесе нашарлайтын неврологиялық, когнитивтік немесе мінез-құлық белгілері немесе симптомдары бар пациенттерде дифференциалды диагностика жүргізу кезінде ҮМЛ ескеруі тиіс. ҮМЛ-ге күдік болған кезде тиісті диагностикалық бағалау жүргізу және ҮМЛ диагнозы алып тасталғанға дейін емді тоқтата тұру керек. Қандай да бір күмән болған жағдайда неврологқа жіберу және МРТ-ны қоса алғанда, ҮМЛ-ға тиісті диагностикалық іс-шаралар жүргізу қажеттігін контрастпен, цереброспинальді

сұйықтықты (CSF) Джон Каннингем вирусының ДНҚ-на талдауды және қайталама неврологиялық бағалауды қарастырған жөн.

Имбрувика препаратымен ем қабылдаған пациенттерде, Е гепатиті жағдайлары байқалған, ол созылмалы түрі болуы мүмкін.

Цитопениялар

Имбрувика препаратын қабылдаған пациенттерде емдеуге байланысты 3 немесе 4-дәрежелі цитопениялар (нейтропения, тромбоцитопения және анемия) туындаған жағдайлар байқалды. Ай сайын толық қан анализін жүргізу қажет.

Өкпенің интерстициальді ауруы (ӨИА)

Имбрувика препаратымен ем қабылдаған пациенттер арасында ӨИА жағдайлары байқалған. Пациенттерді ӨИА білдіретін өкпе симптомдарының пайда болуына қатысты мониторингілеуді жүзеге асыру қажет. Симптомдар дамығанда Имбрувика препаратымен емдеуді тоқтатып, ӨИА тиісті емін бастау қажет. Егер симптомдар сақталса, Имбрувика препаратымен емдеудің пайдасы мен қаупінің арақатынасын бағалау және дозаны өзгерту жөніндегі ұсыныстарды орындау қажет.

Жүрек аритмиясы және жүрек жеткіліксіздігі

Имбрувика препаратымен ем қабылдаған пациенттерде жүрекше фибрилляциясы, жүрекшелердің жыбырлауы және вентрикулярлық тахиаритмия және жүрек жеткіліксіздігі жағдайлары байқалды. Әсіресе жүрек тарапынан қауіп факторлары, гипертензия, жедел инфекциялар және анамнезде жүрекше фибрилляциясы бар пациенттерде жүрекше фибрилляциясы және жүрекшелердің дірілдеу жағдайлары хабарланды. Пациенттерге жүрек тарапынан көріністердің, оның ішінде жүрек аритмиясы мен жүрек жеткіліксіздігінің бар-жоқтығына қатысты жүйелі түрде клиникалық қадағалау жүргізу қажет. Аритмиялық симптомдары бар немесе ендігу, бас айналу немесе естен тану алғаш анықталған пациенттерде клиникалық бағалау жүргізу және көрсетілімдер бойынша ЭКГ жүргізу қажет.

Қарыншалық тахиаритмия белгілері және/немесе симптомдары бар пациенттерде Имбрувика препаратын қабылдауды уақытша тоқтату және емдеуді қайта басталуы мүмкіндігіне дейін пайдасына/қаупіне клиникалық тұрғыдан мұқият бағалау жүргізу керек.

Антикоагулянттармен емдеуді талап ететін, бұрыннан бар жүрекше фибрилляциясы бар пациенттерде Имбрувика препаратымен баламалы емдеу нұсқалары қаралуы тиіс. Имбрувика препаратымен емдеу аясында дамитын жүрекше фибрилляциясы бар пациенттерде тромбоэмболиялық аурулардың қаупіне мұқият бағалау жүргізу керек. Қауіп жоғары пациенттерде және Имбрувика препаратымен емдеудің баламасы болмаған жағдайда антикоагулянттармен мұқият бақыланатын емдеу нұсқасын қарау керек.

Имбрувика препаратымен емдеу кезінде пациенттерде жүрек жеткіліксіздігінің белгілері мен симптомдарының пайда болуын бақылау керек. Ол жағдайлардың кейбіреулерінде Имбрувика препаратын тоқтатқаннан немесе дозасын төмендеткеннен кейін жүрек жеткіліксіздігі жойылды немесе жақсаруы байқалды.

Ми қанайналымының бұзылуы

Ибрутинибті қолданғанда өліммен аяқталған, жүрекшенің қатарлас фибрилляциясы және/немесе гипертониясы бар және жоқ жағдайларды қоса, ми қан айналымының бұзылуы, транзиторлы ишемиялық шабуыл және ишемиялық инсульт жағдайлары хабарланды. Ибрутинибпен емдеуді бастағаннан бастап орталық жүйке жүйесінің ишемиялық қантамырлық жай-күйлерінің пайда болуына дейінгі уақыт көп жағдайларда бірнеше айды құрады (жағдайлардың 78%-ында 1 айдан астам және 44%-ында 6 айдан астам), бұл пациенттерге тұрақты мониторинг жүргізу қажеттілігін айғақтайды (4.4 «Жүрек аритмиясы» және «Гипертензия» бөлімін және 4.8 бөлімін қараңыз).

Ісік лизисі синдромы

Имбрувика препаратымен емдеу кезінде ісік лизисінің синдромы туралы хабарланды. Жоғары ісік массасы бар пациенттерде емдеуге дейін ісік лизисі синдромының қаупі бар. Тиісті сақтық шараларын сақтау және пациенттерге мониторинг жүргізу ұсынылады.

Меланома емес тері обыры

III фазадағы біріктірілген рандомизацияланған салыстырмалы зерттеулерде меланома емес тері обыры Имбрувика препаратымен ем қабылдаған пациенттерде салыстыру препаратын қабылдаған пациенттермен салыстырғанда жиі байқалды. Меланома емес тері обырының пайда болмауы тұрғысынан пациенттердің жағдайын бақылау қажет.

Вирустың қайта белсенділенуі

Имбрувика препаратын қабылдаған пациенттерде өліммен аяқталған жағдайларды қоса, В гепатиті вирусының реактивациясы жағдайлары туралы хабарламалар алынды. Имбрувика препаратымен емдеуді бастамас бұрын пациенттің В гепатиті вирусына қатысты мәртебесін белгілеу керек. В гепатиті вирусына оң тесті бар пациенттерге В гепатиті вирусін емдеу тәжірибесі бар дәрігермен кеңесу ұсынылады. В гепатиті вирусының реактивациясының алдын алу мақсатында В гепатиті вирусына оң серологиялық тесті бар пациенттерге емдеу басталғанға дейін гепатологпен консультация және бекітілген клиникалық практикаларға сәйкес мұқият бақылау ұсынылады.

Гипертензия

Артериялық гипертензия Имбрувика препаратын алған пациенттерде байқалды (4.8 бөлімін қараңыз). Имбрувика препаратын қабылдаған пациенттерде артериялық қысымды ұдайы бақылап отыру және қажетіне қарай, Имбрувика препаратымен емдеудің барлық курсы бойына гипертензияға қарсы препараттарға түзету жүргізу немесе бастау ұсынылады.

Гемофагоцитарлық лимфогистиоцитоз (ГЛГ)

Имбрувика препаратымен ем қабылдаған пациенттерде ГЛГ жағдайлары (өліммен аяқталған жағдайларды қоса) туралы хабарламалар алынды. ГЛГ бұл өте ауыр жүйелі қабынудың клиникалық белгілерімен және симптомдарымен сипатталатын, өмірге қауіп төндіретін имунитеттің патологиялық белсенділену синдромы. ГЛГ қызбамен, гепатоспленомегалиямен, гипертриглицеридемиямен, сарысудағы ферритиннің жоғары деңгейімен және цитопениямен сипатталады. Пациенттер ГЛГ симптомдары туралы хабардар болуы тиіс. Патологиялық имундық белсенділенудің бастапқы көріністері дамыған пациенттерге дереу бағалау жүргізу, және ГЛГ диагнозының ықтималдығын қарастыру керек.

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Имбрувика препаратын СҮРЗА4 күшті немесе орташа тежегіштерімен бірге қолдану Ибрутиниб концентрациясының артуына және, демек, уыттылық қаупінің жоғарырақ болуына әкелуі мүмкін. Керісінше, СҮРЗА4 индукторларымен бірге қолдану Ибрутиниб концентрациясының төмендеуіне және, демек, тиімділіктің болмау қаупіне әкелуі мүмкін. Осыған байланысты, мүмкіндігінше, ибрутинибті СҮРЗА4 күшті тежегіштерімен және күшті немесе орташа СҮРЗА4 индукторларымен бірге қолданудан аулақ болу керек және егер әлеуетті артықшылықтар әлеуетті қауіптен едәуір асып кеткен жағдайда ғана бірге қолдану мүмкіндігін қарастыру керек. Имбрувика препаратымен ем қабылдайтын пациенттерде СҮРЗА4 тежегіштерін қолдану қажет болғанда уыттылық белгілерінің пайда болуына мұқият бақылау жүргізу керек (4.2 және 4.5 бөлімдерін қараңыз). СҮРЗА4 изоферментінің индукторларын қолдану қажет болған жағдайда пациенттерді Имбрувика препараты тиімділігінің болмауы тұрғысынан мұқият бақылау керек.

Бала тууға қабілетті әйелдер

Бала тууға қабілетті әйелдер Имбрувика препаратын қолдану кезінде контрацепцияның тиімділігі жоғары әдістерін пайдалануы тиіс (4.6 бөлімін қараңыз).

Әсері белгілі қосымша заттар

Әр капсуланың құрамында 1 ммольден аз натрий (23 мг) бар, іс жүзінде «натрийсіз» деуге болады.

4.5 Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі және өзара әрекеттесуінің басқа түрлері

Ибрутиниб метаболизміне көбінесе P450 цитохромы және 3A4 изоферменті (CYP3A4) қатысады.

Ибрутинибтің плазмадағы концентрациясын арттыруға қабілетті препараттар

Имбрувика препаратын CYP3A4 изоферментін күшті немесе орташа тежейтін дәрілік препараттармен бірге қолдану ибрутиниб концентрациясының жоғарылауына алып келуі мүмкін, CYP3A4 изоферментінің күшті тежегіштерімен бірге қолданбау керек.

CYP3A4 изоферментінің күшті тежегіштері

Аш қарында кетоконазолмен (CYP3A4 изоферментінің өте күшті тежегішімен) бірге қолдану нәтижесінде 18 дені сау еріктілерде Ибрутиниб концентрациясының (C_{max} және AUC) тиісінше 29 және 24 есе жоғарылағаны байқалды. Аш қарынға препаратты қабылдау шарттарын қолдана отырып модельдеу CYP3A4 – кларитромициннің күшті тежегіші ибрутинибтің AUC-ны 14 есе арттыруға қабілетті деп болжауға мүмкіндік берді. Ибрутинибті тамақпен бірге қабылдаған В-жасушалық қатерлі ісіктері бар пациенттерде CYP3A4 күшті тежегішін вориконазолды бірге енгізу Ибрутиниб (C_{max}) концентрациясын 6.7 есе және AUC 5.7 есе арттырды. Ибрутинибті CYP3A4 изоферментінің күшті тежегіштерімен (мысалы, кетоконазол, индинавир, нелфинавир, ритонавир, саквинавир, кларитромицин, телитромицин, итраконазол, нефазодон, кобицистат, вориконазол және позаконазол) бірге қолданудан аулақ болу керек. Ибрутинибті және CYP3A4 изоферментінің күшті тежегішін бірге қабылдау қажет болған жағдайда және ықтимал пайдасы ықтимал қауіптен асып кетсе, онда имбрувика препаратының дозасын тежегішті қолдану кезеңінде 140 мг (бір капсула) дейін азайту немесе Имбрувика препаратын қабылдауды уақытша тоқтату керек (7 күннен аспайтын мерзімге). Пациенттерде уыттылық көріністеріне мұқият бақылауды қамтамасыз ету және қажет болған жағдайда нұсқаулыққа сәйкес дозаға түзету жүргізу керек (4.2 және 4.4 бөлімдерін қараңыз).

CYP3A4 изоферментінің орташа тежегіштері

Ибрутинибті тамақпен бірге қабылдаған В-жасушалық қатерлі ісіктері бар пациенттерде CYP3A4 тежегішін, эритромицинді бірге енгізу Ибрутиниб (C_{max}) концентрациясын 3.4 есе және AUC 3.0 есе арттырды. Егер пациентке ибрутинибті CYP3A4 изоферментінің орташа тежегішімен (мысалы, флуконазол, эритромицин, ампренавир, апрепитант, атазанавир, ципрофлоксацин, кризотиниб, дилтиазем, фосампренавир, иматиниб, верапамил, амиодарон және дронедарон) бірге қолдану көрсетілсе, имбрувика препаратының дозасын CYP3A4 изоферментінің тежегішінің орташа дозасымен бірге қолдану кезінде 280 мг (екі капсула) дейін төмендету керек. Пациенттерде уыттылық көріністеріне мұқият бақылауды қамтамасыз ету және қажет болған жағдайда нұсқаулыққа сәйкес дозаға түзету жүргізу керек (4.2 және 4.4 бөлімдерін қараңыз).

CYP3A4 әлсіз тежегіштері

Аш қарынға препаратты қабылдау шарттарын модельдеу CYP3A4 әлсіз тежегіштері, азитромицин және флувоксамин ибрутинибтің AUC-ін 2 еседен аз арттыруға қабілетті деп болжауға мүмкіндік берді. Ибрутинибті CYP3A4 изоферментінің әлсіз тежегіштерімен бірге қолданғанда дозаны түзету қажет емес. Пациенттерде уыттылық көріністеріне мұқият бақылауды қамтамасыз ету және қажет болған жағдайда нұсқаулыққа сәйкес дозаға түзету жүргізу керек.

8 дені сау еріктіде құрамында CYP3A4 изоферментінің тежегіштері бар грейпфрут шырынымен және померанцпен бірге қолдану Ибрутиниб концентрациясын (C_{max} және AUC) тиісінше шамамен 4 және 2 есе арттырды. Имбрувика препаратымен емдеу кезінде грейпфруттар мен померанцтерді жеуге болмайды, өйткені бұл жемістерде

СҮРЗА4 изоферментінің орташа тежегіштері бар (4.2-бөлімді қараңыз).

Ибрутинибтің плазмадағы концентрациясын төмендетуге қабілетті препараттар

Имбрувика препаратын СҮРЗА4 индукторларымен бірге қабылдау ибрутинибтің плазмадағы концентрациясын төмендетуі мүмкін.

Рифампицинмен, СҮРЗА4 күшті индукторымен, 18 дені сау адамда аш қарынға байланысты бірге қолдану ибрутинибтің экспозициясын (C_{max} және AUC) тиісінше 92% және 90%-ке төмендетті. СҮРЗА4 күшті немесе орташа индукторларымен (мысалы, карбамазепин, рифампицин, фенитоин) бірге қолданудан аулақ болу керек. Құрамында Сент-Джон сусыны бар препараттар тиімділіктің төмендеу ықтималдығына байланысты Имбрувика препаратымен емдеу кезінде қолдануға болмайды. СҮРЗА4 әлсіз индукциялық қасиеттері бар баламалы препараттарды қарастыру керек. Егер пайдасы қауіптен асып кетсе және күшті немесе орташа СҮРЗА4 индукторын қолдану талап етілсе, пациентті тиімділіктің болмауы тұрғысынан мұқият бақылау ұсынылады (4.3 және 4.4 бөлімдерін қараңыз). Әлсіз индукторларды Имбрувика препаратымен бірге қолдануға рұқсат етіледі, алайда пациенттер әлеуетті жеткіліксіз тиімділігі тұрғысынан бақылануы тиіс.

Ибрутинибтің ерігіштігі рН тәуелді, рН жоғарылаған сайын ерігіштігі төмендей түседі. Аш қарынға 5 күн бойы күніне бір рет 40 мг дозада омепразолды қабылдағаннан кейін 560 мг дозада ибрутинибтің бір реттік дозасын қабылдаған дені сау пациенттерде C_{max} -тың неғұрлым төмен мәні байқалды (5.2 бөлімін қараңыз). C_{max} -тың неғұрлым төмен мәні клиникалық мәнге ие болатынына ешқандай дәлел жоқ, асқазанда рН жоғарылататын дәрілік заттар (мысалы, Протон помпасының тежегіштері) негізгі клиникалық зерттеулерде шектеусіз қолданылды.

Плазмадағы концентрациялары ибрутинибтің әсерінен өзгеруі мүмкін препараттар

In vitro зерттеулерінің нәтижелері бойынша ибрутиниб Р-гликопротеин мен сүт безі обырының резистенттілік ақуызының (BCRP) тежегіші болып табылады. Осы өзара әрекеттесуге қатысты клиникалық деректер болмағандықтан, препаратты емдік дозаларда қабылдағаннан кейін Р-гликопротеиннің ішек түрін және сүт безі обырының резистенттілік ақуызын ибрутинибпен тежеу мүмкіндігі жоққа шығарылмайды. Асқазан-ішек жолында ықтимал өзара әрекеттесуді азайту мақсатында тар емдік индексі бар (мысалы, дигоксин немесе метотрексат сияқты) Р-гликопротеин және сүт безі обырының резистенттілік ақуызының субстраттары Имбрувика препаратын қабылдағанға дейін немесе одан кейін кемінде 6 сағат аралықпен қабылдануы тиіс. Ибрутиниб сондай-ақ бауырдағы сүт безі қатерлі ісігінің резистенттілік ақуызын тежеуі және розувастатин сияқты BCRP-жанама бауыр ағымына ұшырайтын дәрілік заттардың экспозициясын арттыруы мүмкін.

В-жасушалық ісіктері бар пациенттерде дәрілермен өзара әрекеттесуін зерттеу кезінде ибрутинибтің 560 мг құраған бір реттік дозасын қабылдау мидазолам субстраты, СҮРЗА4 экспозициясына клиникалық тұрғыдан маңызды әсерін тигізбеді. Осыған ұқсас зерттеуде, тәуліктік дозасы 560 мг құраған ибрутинибпен 2 апта бойы емдеу пероральді контрацептивтердің (этинилэстрадиол және левоноргестрел), мидазолам субстратының, СҮРЗА4 және бупропион субстратының, СҮР2В6 фармакокинетикасына клиникалық тұрғыдан маңызды әсер етпеген.

4.6 Фертильділік, жүктілік және лактация

Ұрпақ өрбітуге қабілетті әйелдер / әйелдердегі контрацепция

Жануарлардағы зерттеулер нәтижелері бойынша жүкті әйелдерде Имбрувика препаратын қолданған жағдайда ұрыққа зиян келтіруі мүмкін. Әйелдер Имбрувика препаратымен емдеу кезінде және емдеу аяқталғаннан кейін 3 ай бойы жүктіліктің басталуынан аулақ болу керек. Сондықтан бала туу әлеуеті бар әйелдер Имбрувика препаратын қабылдау кезінде және емдеу аяқталғаннан кейін 3 ай бойы контрацепцияның тиімділігі жоғары әдістерін пайдалануы тиіс.

Жүктілік

Имбрувика препаратын жүктілік кезінде қолдануға болмайды. Имбрувика препаратын жүкті әйелдерде қолдану жөнінде деректер жоқ. Жануарлардағы зерттеулер репродуктивтік уыттылықты көрсетті (5.3-бөлімді қараңыз).

Емшек емізу

Ибрутиниб немесе оның метаболиттері емшек сүтіне бөлінетіні белгісіз. Емшек сүтін еметін балалар үшін қауіпті жоққа шығаруға болмайды.

Имбрувика препаратымен емдеу кезінде емшек емізуді тоқтату керек.

Фертильділік

Ең жоғарғы, күніне 100 мг/кг дейін (адам үшін баламалы дозасы күніне 16 мг/кг құрайды) құрайтын дозаларын пайдалану кезінде аналық егеуқұйрықтардың фертильділігі мен репродуктивтік қабілетіне әсері анықталмаған. Ибрутинибтің адамдағы фертильділікке әсеріне қатысты деректер жоқ. Ибрутинибтің адамдағы фертильділікке әсеріне қатысты деректер жоқ.

4.7 Көлік құралдарын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсері

Имбрувика препараты көлік құралын басқару және механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне болар-болмас әсер береді.

Имбрувика препаратын қабылдаған кейбір пациенттерде шаршау, бас айналу және астения байқалды. Бұл пациенттің көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу қабілетін бағалау кезінде назарға алынуы тиіс.

4.8 Жағымсыз реакциялары

Қауіпсіздік профилінің түйіндемесі

Анағұрлым кең таралған жағымсыз әсерлер ($\geq 20\%$) диареяны, нейтропенияны, қаңқа-бұлшықет ауыруын, бөртпені, геморрагияны (мысалы, қанталаулар), тромбоцитопенияны, жүрек айнуын, пирексияны, артралгияны және жоғарғы тыныс жолдарының инфекциясын қамтыды. Анағұрлым кең таралған ($\geq 5\%$) 3/4 дәрежелі \ жағымсыз әсерлерге нейтропения, лимфоцитоз, тромбоцитопения, пневмония және гипертензия кірді.

Жағымсыз реакциялардың кесте түріндегі тізбесі

Қауіпсіздік бейіні Имбрувика препаратын II фазадағы үш клиникалық зерттеуде және III фазадағы рандомизацияланған жеті зерттеуде, сондай-ақ, маркетингтен кейінгі кезеңде қабылдаған 1552 пациенттен алынған, біріктірілген деректерге негізделген. Клиникалық зерттеулерде пациенттер Имбрувика препаратын МАЖЛ емдеу үшін күніне бір рет 560 мг дозада, және СЛЛ мен ВМ емдеу үшін күніне бір рет 420 мг дозада қабылдады. Клиникалық зерттеулерге қатысқан пациенттердің барлығы Имбрувика препаратын ауруы үдегенге дейін немесе емдеудің жақпаушылығына дейін қабылдаған. Имбрувика препаратымен емдеудің орташа ұзақтығы біріккен деректер жинағы бойынша 17.4 айды құрады. СЛЛ/ұсақжасушалы лимфоциттік лимфоманы (ҰЛЛ) емдеудің орташа ұзақтығы 18.2 айды (52 айға дейін); МАЖЛ – 11.7 айды (28 айға дейін); ВМ– 21.6 айды (37 айға дейін) құрады.

В-жасушалық қатерлі жаңа түзілімдерден емделу үшін ибрутинибті қабылдаған пациенттердегі жағымсыз реакциялар және маркетингтен кейінгі кезеңде алынған жағымсыз реакциялар төменде ағзалар жүйелерінің класы мен жиілік санатына сәйкес атап келтірілген.

Жағымсыз құбылыстардың жиілігін анықтау келесі критерийлерге сәйкес жүргізіледі: өте жиі ($\geq 1/10$), жиі ($\geq 1/100$ - $< 1/10$ дейін), жиі емес ($\geq 1/1000$ - $< 1/100$ дейін), сирек ($\geq 1/10000$ - $< 1/1000$ дейін), өте сирек ($< 1/10000$), белгісіз (қолда бар деректердің негізінде бағалау мүмкін емес)

1 кесте. Клиникалық зерттеулерде немесе В-жасушалы қатерлі ісіктері бар

пациенттерде маркетингтен кейін қолданылуы барысында байқалған жағымсыз реакциялар[†].

Жүйелер мен ағзалар класы	Жиілігі (барлық дәрежелері)	Жағымсыз әсер	Барлық дәрежелері (%)	Дәрежесі ≥3 (%)
Инфекциялар және инвазиялар	өте жиі	пневмония ^{*#}	14	8
		жоғарғы тыныс жолдарының инфекциялары	20	1
		тері инфекциялары [*]	15	3
	жиі	сепсис ^{*#}	4	3
		несеп шығару жолдарының инфекциялары	9	2
		синусит [*]	10	1
	жиі емес	криптококтық инфекциялар [*]	< 1	0
пневмоцистік инфекциялар ^{*#}		1	<1	
аспергиллез [*]		<1	<1	
В гепатиті вирусының реактивациясы ^{@,#}		<1	<1	
Қатерсіз және қатерлі ісіктер (кисталар мен полиптерді қоса)	жиі	меланома емес тері обыры [*]	6	1
		базальді-жасушалы карцинома	4	<1
		жалпақжасушалы карцинома	2	<1
		карцинома		
Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар	өте жиі	нейтропения	38	29
		тромбоцитопения	32	9
		лимфоцитоз	19	14
Жиі	фебрильді нейтропения	4	4	
	лейкоцитоз	5	4	
сирек	лейкостаз синдромы	<1	<1	
Иммундық жүйенің бұзылулары	жиі	өкпенің интерстициальді ауруы ^{*,#,a}	2	<1
Метаболизм және тамақтану тарапынан бұзылулар	өте жиі	гиперурикемия	10	1
	жиі емес	ісік лизисі синдромы ^a	1	1
Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар	өте жиі	бас айналуы	12	< 1
		бас ауыруы	19	1
	жиі	шеткері нейропатия ^{*,a}	5	< 1
			9	0
	жиі емес	ми қананйналымының бұзылуы ^{a,#}	< 1	< 1
транзиторлық ишемиялық шабуыл ^a		< 1	< 1	
сирек	ишемиялық инсульт ^{a,#}	< 1	< 1	
Көз тарапынан бұзылулар	жиі	анық көрмеу	7	0
Жүрек тарапынан бұзылулар	жиі	жүрек жеткіліксіздігі ^{a,*}	2	1
		жүрекшелердің фибрилляциясы, венстрикулярлық тахикардия ^{*,a,b}	7	4
			1	< 1
	өте жиі	геморрагиялар ^{*#}	32	1

Қантамырлар бұзылулары		қанталау* гипертензия*	25 18	1 8
	жиі	мұрыннан қан кету петехиялар	8 6	<1 0
	жиі емес	субдуральді гематома [#]	1	< 1
Асқазан-ішек жолы тарапынан бұзылулар	өте жиі	диарея	42	3
		күсу	14	1
		стоматит*	14	1
		жүрек айнуы іш қатуы	28 16	1 <1
Бауыр және өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар	жиі емес	бауыр жеткіліксіздігі*, а, #	<1	<1
Тері және теріасты тіндері тарапынан бұзылулар	өте жиі	бөртпе*	35	3
	жиі	уртикария ^а	1	<1
		эритема ^а онихоклазия ^а	2 3	0 0
	жиі емес	ангионевроздық ісіну ^а панникулит*, ^а нейтрофильді дерматоз*, ^а	<1 1 <1	<1 <1 <1
	белгісіз	Стивенс-Джонсон синдромы ^а	белгісіз	белгісіз
Тірек-қимыл аппараты мен дәнекер тіндер тарапынан бұзылулар	өте жиі	артралгия	20	2
		бұлшықеттердің түйілуі	14	<1
		қаңқа-бұлшықет ауыруы*	37	3
Жалпы бұзылулар және препаратты енгізген жердегі реакциялар	өте жиі	қызба	22	1
		шеткері ісінулер	18	1
Зерттеулер	өте жиі	қандағы креатинин деңгейінің жоғарылығы	11	< 1

† Жиілігі ең жуық бүтін санға дейін дөңгелектенген.

* Жағымсыз реакциялардың көп болуы шарттарын қамтиды.

Өліммен аяқталған жағдайларды қамтиды.

© Іріктеу үшін төмен деңгейлі термин пайдаланылды.

а Маркетингтен кейінгі тәжірибеден алынған есептер.

Жекелеген жағымсыз реакциялардың сипаттамасы.

Жағымсыз реакциялардың туындауы салдарынан емдеуді тоқтату және дозасын төмендету

В-жасушалық ісіктерді емдеу үшін Имбрувика препаратымен ем қабылдаған 1552 пациенттің 6%-ы, көбінесе, пневмонияны, жүрекшелердің фибрилляциясын, гемorragияны және тромбоцитопенияны қамтыған жағымсыз реакциялардың туындауы себепті емделуді тоқтатқан. Дозасын төмендетуге алып келген жағымсыз реакциялар пациенттердің 8%-ында байқалды.

Егде жастағы пациенттер

Имбрувика препаратымен ем қабылдаған 1552 пациенттің 52%-ы 65 жас шамасында және одан асқандар болды. 3 дәрежелі немесе одан жоғары пневмония (<65 жас шамасындағы пациенттердің 5%-ымен салыстырғанда ≥65 жас шамасындағы пациенттердің 12%-ы) мен тромбоцитопения (<65 жас шамасындағы пациенттердің 6%-ымен салыстырғанда ≥65 жас шамасындағы пациенттердің 12%-ы) Имбрувика препаратымен ем қабылдаған егде жастағы пациенттер арасында жиірек байқалды

Ұзақ мерзімді қауіпсіздігі

1284 пациентте (бұрын СЛЛ/ҰЛЛ n = 162, қайталанатын/рефрактерлік СЛЛ/ҰЛЛ

n = 646, мантия аймағы жасушаларының қайталанатын/рефрактерлік лимфомасы (МАЖЛ) n = 370 және Вальденстром макроглобулинемиясы n = 106 емін қабылдамаған) қауіпсіздігі жөніндегі, Имбрувика препаратымен 5 жыл бойы ұзақ мерзімді емдеудің негізінде алынған деректерге талдау жасалды. СЛЛ/ҰЛЛ емі ұзақтығының медианасы 2 жылдан және 4 жылдан астам уақыт бойы ем қабылдаған пациенттердің сәйкесінше 70% және 52% үлесімен 51 айды (ауқымы 0.2 айдан 98 айға дейін) құрады. МАЖЛ емінің орташа ұзақтығы 2 жылдан және 4 жылдан астам уақыт бойы ем қабылдаған пациенттердің сәйкесінше 31% және 17% үлесімен 11 айды (ауқымы 0-ден 87 айға дейін) құрады. ВМ емнің орташа ұзақтығы 2 жылдан және 4 жылдан астам уақыт бойы ем қабылдаған пациенттердің сәйкесінше 78% және 46% үлесімен 47 айды (ауқымы 0.3-тен 61 айға дейін) құрады. Гипертензия жағдайлары жиілігінің арта түскенін қоспағанда, Имбрувика препаратымен ем қабылдаған пациенттерде қауіпсіздігінің жалпы белгілі бейіні, қауіпсіздігіндегі қандай-да бір жаңа қиындықтарсыз өзгеріссіз күйінде қалды. 3 және одан жоғары дәрежелі артериялық гипертензияның таралуы 4% (0-1 жылы), 7% (1-2 жылы), 9% (2-3 жылы) және 9% (3-4 жылдары) және 9% (4-5 жылдары); 5 жыл ішіндегі жағдайлардың жалпы саны 11 % құрады.

Күдік тудырған жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

ДП «пайда-қауіп» арақатынасына үздіксіз мониторинг жүргізілуін қамтамасыз ету мақсатында, ДП тіркелгеннен кейін күдік тудырған жағымсыз реакциялар туралы хабарлаудың маңызы бар. Медицина қызметкерлеріне ДП кез келген күдікті жағымсыз реакциялары туралы ҚР жағымсыз реакциялар туралы хабарлаудың ұлттық жүйесі арқылы хабарлап отыру ұсынылады:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

4.9 Артық дозалануы

Имбрувика препаратымен артық дозалану туралы деректер шектеулі. Пациенттер осы препаратты тәулігіне 12.5 мг/кг (күніне 1400 мг) дейінгі дозада қабылдаған I фазадағы зерттеуде ең жоғарғы жағымды дозасына қол жеткізілген жоқ. Жеке бір зерттеуде 1 680 мг дозасын қабылдаған дені сау бір пациентте бауыр ферменттері [аспартатаминотрансфераза (АСТ) және аланинаминотрансфераза (АЛТ)] деңгейінің қайтымды, 4 дәрежелі жоғарылауы байқалды. Имбрувика препараты үшін арнайы антидот жоқ. Ұсынылғанынан жоғары дозасын қабылдаған жағдайда, пациенттердің жағдайын мұқият бақылауды, сондай-ақ тиісінше демеуші ем жүргізуді қамтамасыз ету қажет.

5. ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

5.1 Фармакодинамикалық қасиеттері

Фармакотерапиялық тобы: Антинеопластикалық препараттар. Протеинкиназа тежегіштері. Брутон Тирозинкиназасы (БТК) тежегіштері. Ибрутиниб.
АТХ коды L01EL01

Әсер ету механизмі

Ибрутиниб - Брутон тирозинкиназасының (БТК) төмен молекулалы күшті тежегіші болып табылады. Ибрутиниб БТК белсенді орталығында цистеин қалдығымен (Cys-481) коваленттік байланыс түзеді, бұл ферментативті белсенділіктің тұрақты тежелуіне алып келеді. Тес киназалар тектестердің өкілі болып табылатын БТК В-жасуша антигендік рецепторларының (BCR) және цитокиндік рецепторлардың сигналдық белсенділігімен байланысты метаболизм жолдарындағы маңызды сигналдық молекула ретінде әрекет етеді. BCR сигналдық жолы мантия аймағы жасушаларының лимфомасын, диффуздық

ірі жасушалы в-жасушалық лимфоманы, фолликулдық лимфоманы және В-жасушалық созылмалы лимфолейкозды қоса, бірқатар В-жасушалық қатерлі жаңа түзілімдердің патогенезіне қатысады. ВТК В жасушасының беткі рецепторларының сигналдық белсенділігіндегі шешуші рөлі В жасушалардың, олардың химотаксисі мен адгезиясының миграциясы үшін қажетті сигнал жолдарының белсендірілуіне алып келеді. Клиникаға дейінгі зерттеулердің нәтижелері бойынша ибрутиниб *in vivo* қатерлі В-жасушалардың пролиферациясы мен өміршеңдігін, сондай-ақ жасушалардың миграциясын және олардың *in vitro* субстраттарына адгезиясын тежейді.

Лимфоцитоз

Емнің басында, СЛЛ бар, Имбрувика препаратымен ем қабылдаған шамамен 3/4 пациентте көбінесе лимфаденопатияның азаюымен қатар жүретін, лимфоциттер санының қайтымды жоғарылауы (яғни, абсолюттік мәндері $> 5000/\text{мкл}$, бастапқы деңгейден $\geq 50\%$) байқалды. Бұл әсері мантия аймағы жасушаларының қайталанатын немесе рефрактерлік лимфомасы бар, Имбрувика препаратымен ем қабылдаған пациенттердің шамамен 1/3-інде де байқалды. Байқалған лимфоцитоз фармакодинамикалық әсерінің көрінісі болып табылады және оны басқа клиникалық көріністер болмаған кезде аурудың үдеуі ретінде қарастырмаған дұрыс. Аурудың екі типінде де лимфоцитоз әдетте, Имбрувика препаратымен емдеудің алғашқы бірнеше айы ішінде дамиды және әдетте, мантия аймағы жасушаларының лимфомасы (МАЖЛ) бар пациенттерде 8.0 апта және СЛЛ бар пациенттерде 14 апта медианамен басылады. Кейбір пациенттерде айналымдағы лимфоциттер санының едәуір артуы (яғни $> 400\ 000/\text{мкл}$) байқалды.

Вальденстрем макроглобулинемиясы бар, Имбрувика препаратымен ем қабылдаған пациенттерде лимфоцитоз байқалған жоқ.

In vitro тромбоциттер агрегациясы

In vitro зерттеуде ибрутиниб тромбоциттердің коллаген-индукцияланған агрегациясының тежелуін туындатты. Тромбоциттер агрегациясының басқа агонистерін пайдаланғанда ибрутиниб тромбоциттер агрегациясының елеулі тежелуін көрсеткен жоқ.

QT/QTc аралығына және жүрек электрофизиологиясына әсері

Ибрутинибтің QTc аралығына әсері плацебо және оң бақылаумен рандомизацияланған салыстырмалы жасырын QT зерттеуінде дені сау 20 еркек пен әйелдерде бағаланды. Емдік дозасынан асатын 1680 мг дозасын қолданғанда, ибрутиниб QTc аралығын клиникалық тұрғыдан маңызды қандай-да бір дәрежеге дейін ұзартпады. Ибрутиниб пен плацебо арасындағы орташа айырмашылықты ескере отырып түзетілген 2-жақты 90% СА базалық сызығының ең үлкен жоғарғы шегі 10 мс төмен болды. Дәл осы зерттеуде QTc аралығының концентрацияға тәуелді қысқаруы (емдік дозасынан асатын 1680 мг дозаны қолданғаннан кейінгі C_{max} 719 нг/мл кезінде -5.3 мс [90% СА: -9.4, -1.1]) байқалды.

Клиникалық тиімділігі және қауіпсіздігі

МАЖЛ

Қайталанатын немесе рефрактерлік МАЖЛ бар пациенттерде Имбрувика препаратының қауіпсіздігі мен тиімділігін 111 пациентте II фазадағы (PCYC-1104-CA) бір ашық көп орталықты зерттеуінде бағалады. Пациенттердің орташа жасы 68 жасты құрады (40 - тан 84 жасқа дейін), 77% еркек, 92% - кавказдық нәсіл. Шығыстың Біріккен онкологиялық тобына (ESOG) сәйкес 3 немесе одан жоғары функционалдық мәртебесі бар пациенттер алынып тасталды. Диагноз қойылған сәттен бастап уақыт медианасы 42 айды құрады, алдыңғы емдеу курстарының орташа саны - 3 (1 - ден 5 курсқа дейін), оның ішінде пациенттердің 35%-і алдын ала жоғары дозалы химиотерапия, 43%- бортезомиб, 24% - леналидомид, ал 11%-і аутологиялық немесе аллогендік бағаналы жасушалар трансплантациясынан өтті. Зерттеудің басында пациенттердің 39%-інде жаппай лимфаденопатия (≥ 5 см), 49% - МАЖЛ (MIP1) үшін халықаралық болжамдық индекстің

жеңілдетілген шкаласы бойынша жоғары қауіп балы және скрининг кезінде аурудың үдемелі сатысы (экстронотальді зақымданумен және / немесе сүйек кемігін қамтумен) 72% болды.

Имбрувика препаратын ауру үдегенше немесе уыттылықтың қолайсыз дәрежесіне жеткенге дейін күніне бір рет 560 мг дозада пероральді түрде тағайындады. Ісіктің емдеуге жауабы Ходжкин емес лимфомаларға (NHL) арналған халықаралық жұмыс тобының (IWG) ұсыныстарына сәйкес бағаланды. Бұл зерттеудің бастапқы нүктесі емдеуге жалпы жауап болды (ORR). Имбрувикамен емдеуге жауаптар 2-кестеде келтірілген.

2 кесте: Қайталанатын немесе рефрактерлік МАЖЛ бар пациенттердегі (PCYC-1104-CA зерттеуі) емге жалпы жауап (ORR) және жауап ұзақтығы (DOR)

	Барлығы N=111
ORR (%)	67.6
95% CA(%)	(58.0; 76.1)
ТЖ (%)	20.7
ІЖ (%)	46.8
DOR медианасы (ТЖ + ІЖ) (айлар)	17.5 (15.8; ҚЖМ)
Бастапқы жауапқа дейінгі уақыт медианасы, айлар (аралығы)	1.9 (1.4-13.7)
ТЖ дейінгі уақыт медианасы, айлар (аралық)	5.5 (1.7-11.5)

ORR = емге толық жауап; DOR = жауап ұзақтығы; CA = сенімді аралық; ТЖ = толық жауап; ІЖ = ішінара жауап; ҚЖМ = қол жеткізілмеген

Емнің тиімділігінің деректерін Тәуелсіз қадағалау комитеті (IRC) қосымша бағалады, оның бағалауы бойынша ORR 69%, толық жауап (ТЖ) - 21%, ішінара жауап (ІЖ) - 48%, DOR медианасы – 19.6 айды құрады.

Имбрувика препаратымен емдеуге жалпы жауап бортезомиб және леналидомид препараттарымен емдеуді қоса, алдыңғы емге, немесе қауіп факторларына/емдеудің басындағы болжамды факторларға, ауқымды ісік массасының болуына, сондай-ақ, жынысқа немесе жас шамасына тәуелді болмады.

Имбрувика препаратының қауіпсіздігі мен тиімділігі МАЖЛ бар, кемінде бір емдеу курсынан өткерген 280 пациентті қамтыған III фазадағы рандомизацияланған көп орталықты зерттеуде көрсетілді (MCL3001 зерттеуі). Пациенттер Имбрувика препаратын 21 күн бойы күніне бір рет 560 мг дозада ішу арқылы қабылдау; немесе темсиролимуc препаратын алғашқы циклдың 1, 8 және 15 күндері 175 мг-ден вена ішіне қабылдап, артынан әрбір келесі 21 күндік циклдың 1, 8 және 15 күндері 75 мг-ден енгізілуі үшін 1:1 арақатынаста рандомизацияланды. Екі топта да емдеу аурудың үдеуіне дейін немесе уыттылықтың қолайсыз дәрежесіне жеткенге дейін жалғасты. Пациенттердің орташа жасы 68 жасты құрады (34 жас пен 88 жас аралығы), 74%-ы ерлер, 87%-ы – еуропалық нәсілділер болды. Диагноз анықталған сәттен бергі уақыт медианасы 43 айды құрады, алдыңғы емдеу курстарының орташа саны – 2 (1-ден 9 курсқа дейінгі аралық), соның ішінде, 51% пациент алдын ала жоғары дозалы химиотерапияны, 18%-ы - бортезомибті, 5%-ы – леналидомидті қабылдаған, ал 24 %-ы дің жасушаларының трансплантациясын өткерген. Зерттеудің басында скрининг кезінде 53% пациентте ауқымды лимфаденопатия (≥ 5 см), 21%-ында - МАЖЛ үшін халықаралық болжам индексінің (MIPI) жеңілдетілген шкаласы бойынша қауіптің жоғары балы; 60%-ында - экстронотальді зақымданулар және 54%-ында сүйек кемігін қамтыған зақымданулар болды.

Үдеусіз тірі қалу (ҮТҚ) көрсеткішін тәуелсіз қадағалау комитеті (IRC), ходжкиндік емес лимфомалар үшін CJLL бойынша халықаралық жұмыс тобының (IWCLL)

критерийлеріне сәйкес бағалады. MCL3001 зерттеуіндегі тиімділігін бағалау нәтижелері 3 кестеде және 1 суретте келтірілген: Үдеусіз тір қалу көрсеткішінің Каплан-Мейер қисығы.

3 кесте: Қайталанатын немесе рефрактерлік МАЖЛ бар пациенттердегі (MCL3001 зерттеуі) тиімділік нәтижелері


Ақырғы нүкте	Имбрувика N=139	Темсиролимус N=141
Үдеусіз тірі қалу (PFS)^a		
Үдеусіз тірі қалудың орташа көрсеткіші (95% СА), (айлар)	14.6 (10.4, БЖ)	6.2 (4.2, 7.9)
	ҚА=0.43 [95% СА: 0.32, 0.58]	
Емге жалпы жауап (ORR) (%)	71.9	40.4
р-шамасы	p<0.0001	

БЖ= бағаланбаған; ҚА=қауіптердің арақатынасы; СА=сенімді аралық

^a тәуелсіз қадағалау комитеті (IRC) бағалаған.

Темсиролимуспен ем қабылдаған пациенттермен салыстырғанда, ибрутинибпен ем қабылдаған пациенттердің азғантай үлесі лимфома симптомдарының клиникалық тұрғыдан елеулі нашарлауын (52%-ға қарсы 27%) бастан өткерді, ал симптомдарының нашарлау кезеңі темсиролимуспен салыстырғанда, ибрутинибті қолданғанда азырақ болды (ҚА 0.27, p < 0.0001).

1 сурет: MCL3001 зерттеуіндегі үдеусіз тірі қалу көрсеткішінің Каплан-Мейер қисығы (ITT популяция)



Қауіп тобындағы пациенттер саны

Имбрувика	39	114	101	83	77	45	34	8	5	0	0
Темсиролимус	41	93	69	45	33	19	11	3	1	0	0

—○— Имбрувика - -▲- - Темсиролимус

*Созылмалы лимфоциттік лейкоз (СЛЛ)
Бұрын СЛЛ емін қабылдаған паценттер
Бір препарат (монотерапия)*

Имбрувика препаратының ІІІ фазасының (РСҮС-1115-СА) рандомизацияланған көп орталықты ашық зерттеуі хлорамбуцилмен салыстырғанда, ем қабылдамаған СЛЛ бар 65 жас шамасындағы немесе одан асқан пациенттер арасында жүргізілді. 65-тен 70 жасқа дейінгі пациенттерде флударабинмен, циклофосфамидпен және ритуксимабпен озық химиялық-иммунотерапияны қолдануды болдырмайтын кемінде бір қатарлас патология болуы тиіс. Пациенттер (n = 269) Имбрувика препаратын алу үшін күн сайын ауру үдегенге дейін немесе уыттылықтың қолайсыз дәрежесіне жеткенге дейін 1:1 рандомизацияланды; немесе хлорамбуцил әрбір 28 күндік циклдің 1 және 15 күндері 0.5 мг/кг бастапқы дозада ең жоғары 12 цикл бойы пациент организмiне дозасының жағымдылығына байланысты 0.8 мг/кг дейін артуын ескергенде. Аурудың үдеуі расталғаннан кейін хлорамбуцил қабылдаған пациенттер ибрутинибке көшуі мүмкін.

Пациенттердің орташа жасы 73 жасты құрады (ауқымы 65-тен 90 жасқа дейін), 63% еркек және 91% - кавказдық расалар. Пациенттердің 91% емнің басында ECOG шкаласы бойынша 0 немесе 1, және 9% - 2 жалпы жағдайы болған. Зерттеуге СЛЛ бар 269 пациент кірді. Емдеудің басында пациенттердің 45%-інде аурудың үдемелі сатысы болды (Rai әдісі бойынша ІІІ немесе ІV), 35%-інде кемінде бір ісік ≥ 5 см болды, 39% анемиядан зардап шекті, 23% тромбоцитопениядан зардап шекті, 65%-інде $\beta 2$ -микроглобулин >3500 мкг/л жоғары деңгейі байқалды, 47% креатенин клиренсі < 60 мл/мин, 11q делециясымен 20%, 17p/ісік делециясымен 6% - ды құрады.және иммуноглобулиннің ауыр тізбегінің (ighv) өзгермейтін ауыспалы аймағы бар 44%.

Үдеусіз тірі қалу (ҮТҚ) СЛЛ бойынша халықаралық жұмыс тобының критерийлеріне сәйкес тәуелсіз қадағалау комитетінің бағалауына сәйкес Имбрувика препаратымен емделген топтағы 84% пациентте өлім немесе аурудың үдеуі қауіпінің статистикалық тұрғыдан елеулі төмендеуін көрсетті. РСҮС-1115--СА зерттеуінде тиімділігін бағалаудың нәтижелері 4 кестеде және 2 суретте: Үдеусіз тірі қалу көрсеткішінің Каплан-Мейер қисығы, 3 суретте келтірілген: Жалпы тірі қалу (ЖТҚ) көрсеткішінің Каплан-Мейер қисығы.

Хлорамбуцилмен салыстырғанда ибрутинибтің пайдасына ІТТ популяциясында тромбоциттер немесе гемоглобин деңгейінің статистикалық маңызды тұрақты жақсаруы байқалды. Цитопениясы бар пациенттерде емнің басында тұрақты гематологиялық жақсару мынаны құрады: тромбоциттер 42.9% - ға қарсы 77.1%; гемоглобин тиісінше Ибрутиниб пен хлорамбуцил үшін 45.5% - ға қарсы 84.3%.

4 кесте: РСҮС-1115-СА зерттеуіндегі тиімділік нәтижелері


Ақырғы нүкте	Имбрувика N=136	Хлорамбуцил N=133
Үдеусіз тірі қалудың орташа көрсеткіші^a		
Жағдайлар саны (%)	15 (11.0)	64 (48.1)
Медианасы (95% СА), айлар	Қол жеткізілмеген	18.9 (14.1, 22.0)
ҚА (95% СА)	0.161 (0.091, 0.283)	
Емге жалпы жауап^a (ТЖ+ІЖ)	82.4%	35.3%
Р-шама	<0.0001	
ЖТҚ^b		
Өлім саны (%)	3 (2.2)	17 (12.8)
ҚА (95% СА)	0.163 (0.048, 0.558)	

СА=сенімді аралық; ҚА=қауіптердің арақатынасы; ТЖ=толық жауап; ЖТҚ=жалпы тірі қалу; ІЖ=ішінара жауап


^a тәуелсіз қадағалау комитеті бағалаған, келесі қадағалау медианасы 18.4 ай,

^b екі топ үшін де ЖТҚ медианасына қол жеткізілмеген, ЖТҚ үшін p<0.005

2 сурет: РСҮС-1115-са зерттеуінде Каплан-Мейердің үдеусіз тірі қалу қисығы (ІТТ популяциясы)



3 сурет: РСҮС-1115-СА зерттеуіндегі жалпы тірі қалу көрсеткішінің Каплан-Мейер қисығы (ІТТ популяциясы)



Келесі қадағаланған 48 ай


РСҮС-1115-СА зерттеуінде келесі қадағаланған 48 айдың орташа кезеңінде және оның

кеңейтілген зерттеуі жағдайында Имбрувика тобындағы пациенттерде өлім немесе үдеуі қаупінің 86%-ға төмендегені байқалды. Зерттеуші бағалаған үдеусіз тірі қалудың орташа деңгейіне Имбрувика тобында қол жеткізілген жоқ және хлорамбуцил тобында 15 айды құрады [95% СА (10.22; 19.35)]; (ҚА=0.14 [95% СІ (0.09; 0.21)]). үдеусіз тірі қалудің 4 жылдық бағасы сәйкесінше Имбрувика тобында 73.9% және хлорамбуцил тобында 15.5% құрады. Каплан-Мейердің үдеусіз тірі қалу қисығының жаңартылған графигі 4 суретте келтірілген.

Емге жалпы жауап Имбрувика тобында 91.2% және хлорамбуцил тобында 36.8% құрады. СЛЛ бойынша Халықаралық жұмыс тобының өлшемдеріне сәйкес толық жауап көрсеткіші Имбрувика тобында 16.2% және хлорамбуцил тобында 3.0% құрады. Кейіннен ұзақ бақылау кезеңінде бастапқыда хлорамбуцил тобына рандомизацияланған 73 пациент (54.9%) кейіннен қиыспалы ем ретінде ибрутиниб алды. Имбрувика тобында 48 ай ішіндегі ЖТҚ үшін Каплан-Мейер бойынша болжам 85.5% құрады.

РСҮС-1115-СА зерттеуінде ибрутинибпен емдеудің әсері 17p/TP53 мутациясымен, 11q делециясымен және/немесе иммуноглобулиннің ауыр тізбегінің мутанттық емес ауытқымалы аймағы (IGHV) бар пациенттерде бірдей болды.

4 сурет: РСҮС-1115-СА зерттеуіндегі үдеусіз тірі қалу көрсеткішінің Каплан-Мейер қисығы (ITT популяциясы), ары қарай 48 ай қадағаланған



Біріктірілген ем

Ем қабылдамаған СЛЛ/ҰЛЛ бар пациенттерде Имбрувика препаратының қауіпсіздігі мен тиімділігі обинутузумабпен үйлесімде хлорамбуцилмен салыстырғанда обинутузумабпен үйлесімде имбрувиканың III фазасын рандомизацияланған көп орталықты ашық зерттеуде (РСҮС-1130-СА) қосымша бағаланды. Зерттеуге 65 жастан бастап және одан үлкен немесе < 65 жас шамасындағы, қатарлас аурулары бар, бүйрек функциясы төмендеген, креатинин клиренсі < 70 мл/мин немесе del17p / TP53 мутациясы бар пациенттер енгізілді. Пациенттер (n = 229) Имбрувика препаратын алу үшін күн сайын ауру үдегенше немесе уыттылықтың қолайсыз дәрежесіне жеткенге дейін 420 мг; немесе әрбір 28 күндік циклдің 1 және 15 күндері 6 цикл бойы 0.5 мг/кг хлорамбуцил рандомизацияланды. Екі топта да пациенттер бірінші циклдің 1, 8 және 15 күндері 1000 мг обинутузумаб алды, одан кейінгі 5 циклдің бірінші күнінде емделді (әрқайсысы 28 күннен барлығы 6 цикл). Обинутузумабтың алғашқы дозасы 1 күн (100 мг) және 2 күн

(900 мг) арасында бөлінді.

Орташа жасы 71 жасты құрады (40 - тан 87 жасқа дейін), 64% ер адамдар, 96% - кавказдық расалар. Емдеудің басында ECOG шкаласы бойынша барлық пациенттердің жалпы жағдайы 0 (48%) немесе 1-2 (52%) болды. Емнің басында пациенттердің 52%-інде аурудың үдемелі сатысы (Rai әдісі бойынша III немесе IV) болған, 32%-інде жаппай лимфаденопатиясы (≥ 5 см) болған, 44% анемиядан зардап шеккен, 22%-і тромбоцитопениядан зардап шеккен, 28%-інде креатенин клиренсі <60 мл/мин құрады және аурулар рейтингінің кумулятивтік шкаласы бойынша 4 (диапазоны 0-ден 12-ге дейін) орташа көрсеткіші болған. Емдеудің басында пациенттердің 65%-інде жоғары қауіп факторлары бар СЛЛ/мл (делеция 17p/TP53 [18%], делеция 11q [15%] немесе беймәлім IGHV [54%]) байқалды.

Үдеусіз тірі қалу көрсеткішін тәуелсіз қадағалау комитеті бағалады.

Үдеусіз тірі қалу (ҮТҚ) көрсеткіші СЛЛ бойынша халықаралық жұмыс тобының критерийлеріне сай тәуелсіз қадағалау комитетінің бағалауына сәйкес, 77% пациентте Имбрувикамен емделген топта өлім немесе аурудың үдеуі қауіпінің статистикалық тұрғыдан елеулі төмендегенін көрсетті.

Кейінгі бақылау кезеңінің орташа ұзақтығы 31 ай болған кезде Имбрувика + обинутузумаб тобында аурудың үдеусіз тірі қалу медианасына қол жеткізілмеді және хлорамбуцил + обинутузумаб тобында 19 айды құрады. PCYC-1130-CA зерттеуіндегі тиімділігін бағалау нәтижелері 5-кестеде және 5-суретте келтірілген: Үдеусіз тірі қалу көрсеткішінің Каплан-Мейер қисығы.

5 кесте: PCYC-1130-CA зерттеуіндегі тиімділігі нәтижелері

Ақырғы нүкте	Имбрувика+обинутузумаб N=113	Хлорамбуцил + обинутузумаб N=116
Үдеусіз тірі қалудың орташа көрсеткіші^a		
Жағдайлар саны (%)	24 (21.2)	74 (63.8)
Медианасы (95% СА), айлар	Қол жеткізілген жоқ	19.0 (15.1; 22.1)
ҚА (95% СА)	0.23 (0.15, 0.37)	
Емге жалпы жауап ^a (%)	88.5	73.3
ТЖ ^b	19.5	7.8
ІЖ ^c	69.0	65.5

СА=сенімді аралық; ҚА=қауіптердің арақатынасы; ТЖ=толық жауап; ІЖ=ішінара жауап,


^a тәуелсіз қадағалау комитеті бағалаған,

^b Имбрувика + обинутузумаб тобындағы, сүйек кемігінің толық қалпына келмеуімен толық ремиссияға қол жеткізген, толық жауабы бар 1 пациентті қамтиды,

^c ІЖ=ІЖ+nІЖ,

5 сурет: PCYC-1130-CA зерттеуіндегі үдеусіз тірі қалу көрсеткішінің Каплан-

Мейер қисығы (ІТТ популяциясы)



Ибрутинибпен емдеудің әсері 6-кестеде көрсетілгендей жоғары қауіп факторлары бар (делеция 17p/TP53, делеция 11q немесе беймәлім IGHV), үдеусіз тірі қалу мүмкіндігі ҚА 0.15 [95% СА (0.09, 0.27)] СЛЛ/ҰЛЛ популяциясында тұрақты болды. СЛЛ/ҰЛЛ қауіп жоғары популяция үшін үдеусіз тірі қалу деңгейінің екі жылдық бағасы сәйкесінше Имбрувика тобында 78.8% [95% СА (67.3, 86.7)] және 15.5% [95% СА (8.1, 25.2)] құрады.

6 кесте: Қосалқы топтар бойынша үдеусіз тірі қалу көрсеткішін талдау (PCYC-1130-СА зерттеуі)

	N	Қауіптердің арақатынасы	95% СА
Барлық пациенттер	229	0.231	0.145; 0.367
Қауіп жоғарылығы (17p /TP53 делециясы / 11q делециясы / мутанттық емес IGHV)			
Иә	148	0.154	0.087; 0.270
Жоқ	81	0.521	0.221; 1.231
17p/TP53 делециясы мутациялары			
Иә	41	0.109	0.031; 0.380
Жоқ	188	0.275	0.166; 0.455
FISH әдісі			
17p делециясы	32	0.141	0.039; 0.506
11q делециясы	35	0.131	0.030; 0.573
Басқа	162	0.302	0.176; 0.520
Мутанттық емес IGHV			
Иә	123	0.150	0.084; 0.269
Жоқ	91	0.300	0.120; 0.749
Жас шамасы			
<65	46	0.293	0.122; 0.705
≥65	183	0.215	0.125; 0.372
Ауқымды лимфаденопатия			
<5 см	154	0.289	0.161; 0.521
≥5 см	74	0.184	0.085; 0.398

RAI әдісі			
0/II	110	0.221	0.115; 0.424
III/IV	119	0.246	0.127; 0.477
ECOG шкаласы бойынша үдеусіз тірі қалу			
0	110	0.226	0.110; 0.464
1-2	119	0.239	0.130; 0.438

Қауіптердің арақатынасы стратификацияланбаған талдауға негізделген

Кез келген ауырлық дәрежесіндегі инфузиялық реакциялар Имбрувика+обинутузумабты қабылдаған 25% пациентте, және хлорамбуцил+обинутузумабты қабылдаған 58% пациентте байқалды.

3 және одан жоғары дәрежелі инфузиялық реакциялар немесе ауыр инфузиялық реакциялар Имбрувика+обинутузумабты қабылдаған 3% пациентте және хлорамбуцил+обинутузумабты қабылдаған 9% пациентте байқалды.

Бұрын емделмеген СЛЛ немесе ҰЛЛ бар пациенттерде Имбрувика препаратының қауіпсіздігі мен тиімділігі III фазадағы рандомизацияланған көп орталықтық ашық зерттеуде (E1912) қосымша бағаланды; Имбрувика препараты флударабиннен, циклофосфамидтен және ритуксимабтан (FCR) тұратын стандартты химиотерапия кестесімен салыстырғанда, ритуксимабпен біріктіріп (IR) қолданылды. Зерттеуге бұрын емделмеген, с СЛЛ немесе ҰЛЛ бар, 70 жас шамасындағы және одан кіші пациенттер кірістірілді. del17p бар пациенттер зерттеуге қатыстырылмады. Пациенттер (n = 529) IR немесе FCR қабылдау үшін 2:1 арақатынаста рандомизацияланды. Имбрувика препараты ауру үдегенге немесе қолайсыз уыттылығына дейін күніне 420 мг дозада қолданылды. Флударабин 25 мг/м² дозада және циклофосфамид –250 мг/м² дозада енгізілді; екі препарат та 1 - 6 циклдардың 1, 2 және 3 күндері енгізілді. Ритуксимабты енгізу IR тобында 2-нші циклдан және FCR тобында –1-інші циклдан басталды; енгізілетін дозасы бірінші циклдың 1-інші күні 50 мг/м², бірінші циклдың 2-нші күні 325 мг/м² және келесі 5 циклдың 1-інші күні 500 мг/м² құрады, барлығы 6 цикл жүргізілді. Әр цикл 28 күнді құрады.

Орташа жас шамасы 58 жасты (28 жастан 70 жасқа дейін) құрады, 67%-ын ерлер және 90%-ын еуропалық нәсіл өкілдері құрады. Пациенттердің барлығының бастапқы ECOG статусы 0, немесе 1 (98%), немесе 2 (2%) болды. Бастапқыда, 43% пациентте Rai III немесе IV сатысы болды және 59% пациентте жоғары қауіп факторларымен СЛЛ / ҰЛЛ (TP53 мутациясы [6%], del11q [22%] немесе мутанттық емес IGHV [53%]) болды.

Зерттеудегі кейінгі қадағалаудың орташа уақыты 37 айды құраған жағдайда, E1912 зерттеуі үшін тиімділігі нәтижелері 7 кестеде берілген. СЛЛ бойынша Халықаралық жұмыс тобының критерийлеріне сәйкес бағаланған ҮТҚ, және Жалпы тірі қалу көрсеткіші үшін Каплан-Мейер қисықтары сәйкесінше 6 және 7 суретте келтірілген.

7 кесте: E1912 зерттеуіндегі тиімділік нәтижелері

Ақырғы нүкте	ибрутиниб+ритуксимаб (IR) N=354	флударабин, циклофосфамид және ритуксимаб (FCR) N=175
Үдеусіз тірі қалу көрсеткіші		
Жағдайлар саны (%)	41 (12)	44 (25)
Аурудың үдеуі	39	38
Өлім жағдайлары	2	6
Медианасы (95% СА), айлар	NE (49.4, NE)	NE (47.1, NE)
ҚА (95% СА)	0.34 (0.22, 0.52)	
P-мәні ^a	<0.0001	


Жалпы тірі қалу		
Өлімдер саны (%)	4 (1)	10 (6)
ҚА (95% CI)	0.17 (0.05, 0.54)	
P-мәні ^a	0.0007	
Жауаптың жалпы жиілігі ^b (%)	96.9	85.7

^a P-мәні стратификацияланбаған лог-рангілік тестіден алынды.

^b зерттеушінің бағалауы бойынша.

ҚА = қауіптердің арақатынасы; NE = бағаланбайды

6 сурет: E1912 зерттеуінде Каплан-Мейердің ҮТҚ қисығы (ITT-популяция)




8 кестеде көрсетілгендей, қауіп жоғары, ҮТҚ ҚА 0.23 [95% СА (0.13, 0.40)], $p < 0.0001$, СЛЛ/ҰЛЛ популяциясында (TP53 мутациясы, del11q немесе мутанттық емес IGHV) ибрутинибпен емдеудің әсері тұрақты болды. Қауіп жоғары СЛЛ/ҰЛЛ бар популяция үшін 3 жылдық ҮТҚ деңгейі IR және FCR топтарында сәйкесінше 90.4% [95% СА (85.4, 93.7)] және 60.3% [95% СА (46.2, 71.8)] құрады.

8 кесте: Қосалқы топтағы ҮТҚ талдауы (E1912 зерттеуі)

	N	Қауіптердің арақатынасы	95% СА
Барлық пациенттер	529	0.340	0.222, 0.522
Жоғарғы қауіп (TP53/del11q/мутанттық емес IGHV)			
Иә	313	0.231	0.132, 0.404
Жоқ	216	0.568	0.292, 1.105
del11q			
Иә	117	0.199	0.088, 0.453
Жоқ	410	0.433	0.260, 0.722
Мутанттық емес IGHV			
Иә	281	0.233	0.129, 0.421
Жоқ	112	0.741	0.276, 1.993
Ауқымды лимфаденопатия			
<5 см	316	0.393	0.217, 0.711
≥5 см	194	0.257	0.134, 0.494
Rai сатысы			
0/II	301	0.398	0.224, 0.708
III/IV	228	0.281	0.148, 0.534
ECOG			
0	335	0.242	0.138, 0.422
1-2	194	0.551	0.271, 1.118

Қауіптердің арақатынасы стратификацияланған талдудың негізінде.

7 сурет: E1912 зерттеуінде Жалпы тірі қалу көрсеткіші бойынша Каплан-Мейер қисығы (ITT популяция)



СЛЛ бар, осының алдында кемінде бір емдеу курсынан өткен пациенттер

Бір препарат (монотерапия)

СЛЛ бар пациенттерде Имбрувика препаратының қауіпсіздігі мен тиімділігі бір бақыланбайтын зерттеуде және бір рандомизацияланған бақыланатын зерттеуде көрсетілді. Ашық көп орталықты зерттеу (PCYC-1102-CA) күніне бір рет 420 мг дозасын қабылдаған, қайталанатын немесе рефрактерлік СЛЛ бар 51 пациентті қамтыды. Имбрувика препаратын қолдану аурудың үдеуіне дейін немесе уыттылықтың қолайсыз дәрежесіне жеткенге дейін жалғасты. Орташа жасы 68 жасты құрады (ауқымы 37-ден 82 жасқа дейін), диагноз қойылған сәттен бастап орташа уақыт 80 айды құрады, ал осының алдындағы емдеу курстарының орташа саны нуклеозидтік аналогпен 92.2 %, ритуксимабпен 98.0%, алкилятормен 86.3%, бендамустинмен 39.2%, офатумумабпен 19.6% қоса, 4 (ауқымы: 1-ден 12 курсқа дейін) құрады. Емдеудің басында пациенттердің 39.2%-ында Rai әдісі бойынша аурудың IV сатысы болған, 45.1%-інде жаппай лимфаденопатия (≥ 5 см) болған, 35.3%-інде 17p хромосома делециясы болған және 31.4%-ында 11q хромосома делециясы болған.

Емге жалпы жауапты, 2008ж СЛЛ бойынша Халықаралық жұмыс тобының критерийлеріне сәйкес зерттеушілер мен Тәуелсіз қадағалау комитеті бағалады. Орташа ұзақтығы 16.4 айға созылған келесі қадағалау кезеңінде, тәуелсіз қадағалау комитетінің деректері бойынша, емге жалпы жауап аурудың қайталанатын немесе рефрактерлік түрі бар 51 пациент үшін барлық ішінара жауаптардың 64.7%-ын (95% СА: 50.1%; 77.6%) құрады. Ішінара жауапты ескергенде, емге толық жауап лимфоцитозда 70.6% құрады. Жауаптың орташа уақыты 1.9 айды құрады. Жауаптың ұзақтығы 3.9-дан 24.2+ айға дейін болды. Жауаптың орташа ұзақтығына қол жеткізілген жоқ.

Офатумумабпен (PCYC-1112-CA) салыстырғанда Имбрувика препаратының әсерін зерттеу бойынша III фазаны рандомизацияланған көп орталықты ашық зерттеу қайталанған немесе рефрактерлі СЛЛ бар пациенттерде жүргізілді. Пациенттер (n = 391) Имбрувика препаратын алу үшін күн сайын ауру үдегенше немесе уыттылықтың қолайсыз деңгейіне жеткенге дейін 420 мг 1:1 рандомизацияланды; немесе офатумумаб 12 дозаға дейін (300/2000 мг). Офатумумаб алу үшін рандомизацияланған елу жеті пациент ауру үдегеннен кейін Имбрувика препараты тобына ауысты. Пациенттердің орташа жасы 67 жасты құрады (30 - дан 88 жасқа дейін), 68% ер, 90% - еуропалық нәсіл. Барлық пациенттерде емнің басында ECOG шкаласы бойынша 0 немесе 1 жалпы жағдайы болды. Диагноз қойылған сәттен бастап медиана уақыты 91 айды құрады, ал алдыңғы емдеу курстарының орташа саны-2 (1-ден 13-ке дейін). Емдеудің басында пациенттердің 58%-інде кемінде бір ісік ≥ 5 см болған. Пациенттердің 32%-інде 17p делециясы (50%-інде 17p делециясы/TP53 мутациясы болған), 24%-інде 11q делециясы болған және 47%-інде беймәлім IGHV болған.

Үдеусіз тірі қалу (ҮТҚ) көрсеткіші СЛЛ бойынша халықаралық жұмыс тобының критерийлеріне сәйкес тәуелсіз қадағалау комитетінің бағалауына сәйкес, 78% пациентте Имбрувикамен емделген топта өлім немесе аурудың үдеуі қауіпінің статистикалық тұрғыдан елеулі төмендегенін көрсетті. Жалпы тірі қалуды талдау Имбрувикамен емдеу тобындағы пациенттердің 57%-інде өлім қауіпінің статистикалық маңызды төмендегенін көрсетті. PCYC-1112-CA зерттеуінен тиімділікті бағалау нәтижелері 9 кестеде келтірілген.

9 кесте: СЛЛ бар пациенттердегі тиімділігінің нәтижелері (PCYC-1112-CA зерттеуі)

Ақырғы нүкте	Имбрувика N = 195	Офатумаб N = 196
Үдеусіз тірі қалудың орташа көрсеткіші	Қол жеткізілмеген	8.1 ай
	ҚЖМ = 0.215 [95% СА: 0.146; 0.317]	

Жалпы тірі қалу көрсеткіші ^a	ҚЖМ = 0.434 [95% СА: 0.238; 0.789] ^b ҚЖМ = 0.387 [95% ДИ: 0.216; 0.695] ^c	
Емге жалпы жауап _{d,c} (%)	42.6	4.1
Лимфоцитозбен ІЖ қоса, емге жалпы жауап _d (%)	62.6	4.1

ҚА=қауіптердің қатынасы; СА=сенімді аралық; ІЖ = ішінара жауап

^a Екі емдеу тобында да ЖТҚ медианасына қол жеткізілмеген, ЖТҚ үшін $p < 0.005$.

^b Офатумумабты қабылдайтын топқа рандомизацияланған пациенттер Имбрувиканы қабылдауды бастағанға дейін цензуранды.

^c Офатумумабты қабылдаған айқаспа топтағы пациенттердегі сезімталдықты талдау Имбрувиканың алғашқы дозасы қабылданған күні цензуранды жоқ.

^d Тәуелсіз қадағалау комитетіне сәйкес, қайталанатын КТ жауапты растау үшін қажет.

^e Барлық ІЖ қол жеткізілген; емге жалпы жауап үшін $p < 0.0001$.

Келесі қадағалаудың орташа ұзақтығы = 9 ай

Тиімділігі пациенттердің барлық қосалқы топтарында, соның ішінде, 17p делециясы бар немесе онсыз, стратификациялау факторы алдын ала анықталған пациенттерде ұқсас болды (10 кесте).

10 кесте: Қосалқы топтар бойынша үдеусіз тірі қалуды талдау (PCYC-1112-CA зерттеуі)


	N	Қауіптердің арақатынасы	95% СА
Барлық пациенттер	391	0.210	(0.143; 0.308)
17P делециясы			
Иә	127	0.247	(0.136; 0.450)
Жоқ	264	0.194	(0.117; 0.323)
Пурин аналогтарына резистенттілік			
Иә	175	0.178	(0.100; 0.320)
Жоқ	216	0.242	(0.145; 0.404)
Жас шамасы			
<65	152	0.166	(0.088; 0.315)
≥65	239	0.243	(0.149; 0.395)
Алдыңғы емдеу желілерінің саны			
<3	198	0.189	(0.100; 0.358)
≥3	193	0.212	(0.130; 0.344)
Ауқымды лимфаденопатия			
<5 см	163	0.237	(0.127; 0.442)
≥5 см	225	0.191	(0.117; 0.311)

Қауіптердің арақатынасы стратификацияланбаған талдауға негізделген

Аурудың үдеусіз тірі қалу көрсеткішінің Каплан-Мейер қисығы 8 суретте келтірілген.

8 сурет: PCYC-1112- CA зерттеуіндегі үдеусіз тірі қалу көрсеткішінің Каплан-Мейер

қисығы (ITT популяциясы)




Келесі қадағаланған 65 айға жуықтағандағы ақырғы талдау

Кейінгі 65 айдың орташа бақылау кезеңінде PCYC-1112-CA зерттеуінде Имбрувика тобындағы пациенттерде өлім немесе үдеу қаупінің 85%-ға төмендеуі байқалды. СЛЛ бойынша Халықаралық жұмыс тобының критерийлеріне сәйкес зерттеуші бағалаған Үдеусіз тірі қалудың орташа деңгейі Имбрувика тобында 44.1 айды [95% СА (38.47, 56.18)] және офатумаб тобында сәйкесінше 8.1 айды құрады [95% СА (7.79, 8.25)] ҚА=0.15 [95% СА (0.11, 0.20)]. Каплан-Мейердің үдеусіз тірі қалу қисығының жаңартылған графигі 9 суретте келтірілген. Емге жалпы жауап Имбрувика тобында 87.7% және офатумумаб тобында 22.4% құрады. Кейіннен ұзақ бақылау кезеңінде бастапқыда офатумумаб тобына рандомизацияланған 196 пациенттің 133-і (67.9%) кейіннен айқаспалы ем ретінде ибрутинибті қабылдады. СЛЛ бойынша халықаралық семинардың критерийлеріне сәйкес зерттеуші (рандомизациядан бастап ҮТҚ оқиғасына дейін, кейінгі ісікке қарсы терапиядан кейін) үдеусіз тірі қалудың (ҮТҚ) орташа көрсеткіші Имбрувика тобында 65.4 айды [95% СА (51.61, бағаланбайды)] және офатумаб тобында сәйкесінше 38.5 айды [95% СА (19.98, 47.24)] құрады; ҚА = 0.54 [95% СА (0.41, 0.71)]. Имбрувика тобында ЖТҚ медианасы 67.7 айды құрады [95% СА (61.0, бағаланбайды)].

PCYC-1112-CA зерттеуінде ибрутинибпен емдеудің әсері қауіп деңгейі жоғары, 17p делециясы / TP53 мутациясы, 11q делециясы және/немесе иммуноглобулиннің ауыр тізбегінің мутанттық емес ауытқымалы аумағы бар (IGHV) пациенттерде бірдей болды.

9 сурет: PCYC--1112--CA зерттеуіндегі үдеусіз тірі қалу көрсеткішінің Каплан-Мейер қисығы (ITT популяциясы), келесі қадағаланған 65 айдың деректерінің

ақырғы талдауында



Біріктірілген ем

Имбрувика препаратының қауіпсіздігі мен тиімділігі бұрын CLL бойынша ем қабылдаған пациенттерде III фазаның рандомизацияланған көп орталықты беймәлім зерттеуде, плацебо + BR (cll3001 зерттеуі) салыстырғанда BR-мен үйлесімде Имбрувика препараты қосымша бағаланды. Пациенттер (N=578) Имбрувика препаратын алу үшін 420 мг немесе плацебо алу үшін күн сайын BR-мен біріктіріп, ауру үдегенге дейін немесе уыттылықтың қолайсыз дәрежесіне жеткенге дейін 1:1 арақатынаста рандомизацияланды. Барлық пациенттер BR-ді ең көп дегенде алты 28 күндік циклде қабылдады. Бендамустин 70 мг/м² дозада вена ішіне 1-ші циклдің 2 және 3 күндері 30 минут бойы және 2-6 циклдардың 1 және 2 күндерінде 6 циклға дейін енгізді. Ритуксимаб 1-ші циклдің 1-ші күні 375 мг/м² дозада және 1-ші күні 2-ден 6-циклға дейін 500 мг/м² дозада енгізілді. Плацебо + BR тобына рандомизацияланған тоқсан пациент тәуелсіз бақылау комитеті прогресті растағаннан кейін Имбрувика алатын топқа өтті. Орташа жасы 64 жасты құрады (31 жастан 86 жасқа дейін), 66% еркек және 91% - кавказдық нәсіл. Барлық пациенттерде емнің басында ECOG шкаласы бойынша 0 немесе 1 жалпы жағдайы болды. Диагноз қойылған сәттен бастап орташа уақыт 6 жыл болды, ал алдыңғы емдеу курстары санының орташа мәні 2 болды (1-ден 11-ге дейінгі процедура ауқымы). Емдеудің басында пациенттердің 56%-інде кемінде бір ісік ≥ 5 см болған, 26%-інде 11q делециясы болған.

Үдеусіз тірі қалу (VBP) тәуелсіз қадағалау комитеті CHLL Халықаралық жұмыс тобының өлшемдеріне сәйкес бағаланды. CLL3001 зерттеуінен тиімділікті бағалау нәтижелері 11 кестеде келтірілген.

11 кесте. CLL бар пациенттердегі тиімділігін бағалау нәтижелері (CLL3001 зерттеуі)

Ақырғы нүкте	Имбрувика+BR N=289	Плацебо+BR N=289
Үдеусіз тірі қалу көрсеткіші^a		
Медианасы (95% СА), айлар	Қол жеткізілген жоқ	13.3 (11.3, 13.9)
	ҚА=0.203 [95% СА: 0.150, 0.276]	
Емге жалпы жауап ^b (%)	82.7	67.8
Жалпы тірі қалу ^c	ҚА=0.628 [95% СА: 0.385, 1.024]	

СА=сенімді аралық; ҚА=қауіптердің арақатынасы;

^a тәуелсіз қадағалау комитеті бағалаған,

^b тәуелсіз қадағалау комитеті бағалаған, Емге жалпы жауап (толық жауап, сүйек кемігінің толық қалпына келмеуімен толық ремиссиясымен толық жауаппен, нодулярлық ішінара жауап, ішінара жауап),

^c Екі топта да жалпы тірі қалу көрсеткішінің медианасына қол жеткізілген жоқ

Вальденстрем макроглобулинемиясы

Бір препарат (монотерапия)

МВ кезіндегі Имбрувика препаратының қауіпсіздігі мен тиімділігі (IgM-лимфоциттік лимфомаларды бөлетін) бұрын емделген 63 пациентті қамтитын бір топпен ашық, көп орталықты зерттеуде бағаланды. Орташа жасы - 63 жас (ауқымы: 44-тен 86 жасқа дейін), 76% ер адамдар және 95% еуропалық нәсілдер. Барлық пациенттерде ECOG сәйкес 0 немесе 1 бастапқы функционалдық мәртебесі болды. Диагноз қойылған сәттен бастап медиана уақыты 74 айды құрады, алдыңғы емдеу курстарының орташа саны 2 болды (диапазоны: 1-ден 11-ге дейін). Зерттеу басталғанға дейін IgM орташа сарысулық мандері 3.5 г/дл құрады және пациенттердің 60%-і анемиядан зардап шекті (гемоглобин \leq 11 г/дл немесе 6.8 ммоль/л).

Имбрувика аурудың үдеуіне немесе қолайсыз уыттылыққа дейін күніне бір рет 420 мг ішу арқылы қабылданды. Бұл зерттеудің бастапқы нүктесі зерттеушілердің бағалауы бойынша емделуге жалпы жауап болды. Емдеуге жалпы жауап және жауаптың ұзақтығы Вальденстрем макроглобулинемиясы бойынша үшінші халықаралық кездесуде қабылданған критерийлерді қолдана отырып бағаланды. Имбрувика препаратымен емдеуге жауаптар 12 кестеде келтірілген.

12 кесте: ВМ бар пациенттердегі емге жалпы жауап және жауап ұзақтығы

	Барлығы (N=63)
Емге жалпы жауап (%)	87.3
95% СА (%)	(76.5, 94.4)
ӨЖІЖ(%)	14.3
ІЖ (%)	55.6
ЕТЖ (%)	17.5
Жауап ұзақтығының медианасы - айлар (аралығы)	ҚЖМ (0.03+, 18.8+)

СА=сенімді аралық; ҚЖМ=қол жеткізілмеген; ЕТЖ=ең төменгі жауап; ІЖ=ішінара жауап; ӨЖІЖ=өте жақсы ішінара жауап; Емге жалпы жауап=ЕТЖ+ІЖ+ӨЖІЖ

Зерттеудің келесі қадағалау медианасы = 14,8 ай

Жауапқа дейінгі уақыт медианасы 1.0 айды құрады (аралығы: 0.7-13.4 ай).

Емнің тиімділігінің деректерін тәуелсіз қадағалау комитеті (IRC) қосымша бағалады, оның бағалауы бойынша емге жалпы жауап 83%, ӨЖІЖ 11% және ІЖ 51% құрады.

Біріктірілген ем

ЖМ бар пациенттерде Имбрувиканың қауіпсіздігі мен тиімділігі бұрын ем алмаған немесе бұрын ЖМ емін рандомизацияланған көп орталықты қосарлы беймәлім зерттеуде имбрувика препаратының 3 фазасын ритуксимабпен үйлесімде ритуксимабпен (PCYC-

1127-CA) біріктірілімде алған пациенттерде ритуксимабпен (PCYC-1127-CA) салыстырғанда қосымша бағаланды. Пациенттер (n=150) Имбрувика препаратын 420 мг немесе плацебо алу үшін ритуксимабпен біріктіріп, ауру үдегенше немесе уыттылықтың қолайсыз дәрежесіне жеткенге дейін рандомизацияланды.

Ритуксимаб қатарынан 4 апта бойы (1-4 апталарда) апта сайын 375 мг/м² дозада енгізіліп, артынан ритуксимабты қатарынан 4 апта бойы (17-20 апталарда) апта сайын енгізу курсы қайталанды.

Орташа жасы 69 жасты құрады (36 жастан 89 жасқа дейін), 66% ер адамдар, 79% - кавказдық нәсілдер. Пациенттердің 93%-ында емнің басында ECOG шкаласы бойынша 0 немесе 1 және 7% - 2 пациенттің жалпы жағдайы болған. Пациенттердің 45%-ы бұрын ем алмаған, ал пациенттердің 55%-ы бұрын емделген. Диагноз қойылған сәттен бастап орташа уақыт 52.6 айды құрады (бұрын емделмеген пациенттер =6.5 ай, бұрын емделген пациенттер=94.3 ай). Емдеуден өткен пациенттер арасында емдеу курстарының орташа мәні 2 (1-ден 6 емшараға дейінгі диапазон) құрады. Емдеудің басында пациенттердің қан сарысуындағы IgM орташа мәні 3.2 г/дл (ауқымы 0.6-дан 8.3 г/дл-ге дейін) құрады, пациенттердің 63%-ында анемия (гемоглобин \leq 11 г/дл) байқалды, 77%-ында MYD88 I265p мутациясы болды, 13%-ында MYD88 I265p мутациясы болған жоқ және 9%-ында мутациялардың болуына талдау жүргізу мүмкін болмады.

Келесі қадағалануының 26.5 айлық медианасымен бастапқы талдау кезінде Тәуелсіз қадағалау комитеті (IRC) бағалаған ҮТҚ қауіптерінің арақатынасы 0.20 құрады [95% СА (0.11, 0.38)]. Бұрын ем қабылдаған/қабылдамаған пациенттер үшін үдеусіз тірі қалу ҚА, MYD88 I265p мутациясы бар/жоқ пациенттер ІТТ популяциясы үшін үдеусіз тірі қалу ҚА-мен бірдей болды.

3 немесе 4 дәрежелі инфузиялық реакциялар Имбрувика + ритуксимабты қабылдаған 1% пациентте, және плацебо + ритуксимабты қабылдаған 16% пациентте байқалды.

Ісіктің IgM артуы түріндегі клиникалық көріністерінің транзиторлық ушығуы Имбрувика + ритуксимаб тобындағы 8.0% пациентте байқалды және плацебо + ритуксимаб тобындағы 46.7% пациентте байқалды.

63 ай қадағалаудан кейінгі ақырғы талдау

Келесі қадағалаудың 63 айлық жалпы кезеңі жағдайында PCYC-1127-CA зерттеуі үшін ақырғы талдау сәтінде Тәуелсіз қадағалау комитеті (IRC) бағалаған тиімділік нәтижелері 13 кестеде кетірілген және үшін ҮТҚ үшін Каплан-Мейер қисығы 10 суретте берілген. Бұрын емделмеген пациенттер үшін (0.31 [95% СА (0.14, 0.69)]) және бұрын емделген пациенттер үшін (0.22 [95% СА (0.11, 0.43)]) ҮТҚ қауіптерінің арақатынасы ІТТ-популяция үшін ҮТҚ қауіптерінің арақатынасына сәйкес келді.

13 кесте: PCYC-1127-CA зерттеуіндегі тиімділік нәтижелері (Ақырғы талдау*)

Ақырғы нүкте	Имбрувика + P N=75	Плацебо + P N=75
Үдеусіз тірі қалу көрсеткіші^{a, b}		
Жағдайлар саны (%)	22 (29)	50 (67) айлар
Медианасы (95% CI), айлар	Қол жеткізілмеген	20.3 (13.0, 27.0)
ҚА (95% СА)	0.25 (0.15, 0.42)	
P-мәні	<0.0001	
Келесі емдеуге дейінгі уақыт		
Медианасы (95% СА), айлар	Қол жеткізілмеген	18.1 (11.1, 33.1)
ҚА (95% СА)	0.1 (0.05, 0.21)	
Үздік жалпы жауап (%)		
ТЖ	1.3	1.3
ӨЖІЖ	29.3	4.0

ІЖ	45.3	25.3
ЕТЖ	16.0	13.3
Жауаптың жалпы деңгейі^c (ТЖ, ӨЖІЖ, ІЖ, ЕТЖ) (%)	69 (92.0)	33 (44.0)
Жалпы жауап ұзақтығының медианасы, айлар (деңгейі)	Қол жеткізілмеген (2.7, 58.9+)	27.6 (1.9, 55.9+)
Жауап деңгейі (ТЖ, ӨЖІЖ, ІЖ)^{c, d} (%)	57 (76.0)	23 (30.7)
Жауап ұзақтығының медианасы, айлар (деңгейі)	Қол жеткізілмеген (1.9+, 58.9+)	Қол жеткізілмеген (4.6, 49.7+)
Гемоглобиннің тұрақты жоғарылау деңгейі^{c, e} (%)	77.3	42.7

СА = сенімді аралық; ТЖ = толық жауап; ҚА = қауіптердің арақатынасы; ЕТЖ = ең төменгі жауап, ІЖ = ішінара жауап; Р = ритуксимаб; ӨЖІЖ = өте жақсы = ішінара жауап

* Зерттеудегі келесі қадағалау уақытының медианасы = 49.7 ай.

^a Тәуелсіз қадағалау комитетінің (IRC) бағалауы бойынша.


^b 4 жыл ішіндегі ҮТҚ болжамды мәндері плацебо + Р тобындағы 25.3%-бен [95% СА (15.3, 36.6)] салыстырғанда, Имбрувика + Р тобында 70.6% [95% СА (58.1, 80.0)] құрады.

^c жауап жиілігімен байланысты р-мәні <0.0001 құрады.

^d Жауап деңгейі плацебо + Р тобымен салыстырғанда, сәйкесінше Имбрувика + Р тобында бұрын емделмеген пациенттердегі 41%-ға қарсы 76% және бұрын емделген пациенттердегі 22%-ға қарсы 76% құрады

^e бастапқы мәніне байланысыз, бастапқы мәнімен салыстырғанда ≥ 2 г/дл артуы немесе егер бастапқы деңгейі ≤ 11 г/дл құраса, ≥ 0.5 г/дл жақсаруымен > 11 г/дл дейін артуы ретінде анықталады.

10 сурет: PCYC-1127-CA зерттеуіндегі PFS Каплан-Мейер қисығы (ITT-популяция) (ақырғы талдау)



PCYC-1127-CA зерттеуі бұрын ВМ-нан емделген, ритуксимабпен алдыңғы ем сәтсіз болған және тек Имбрувика препаратын қабылдаған 31 пациенттен тұратын монотерапияның жеке тобын қамтыды. Орташа жас шамасы 67 жасты құрады (ауқымы 47-ден 90 жасқа дейін).

Емдеудің басында ECOG шкаласы бойынша 81% пациенттің жалпы жағдайы 0 немесе 1, және 19% пациентте - 2 болды. Алдыңғы емдеу курстары санының орташа мәні 4 (ауқымы 1-ден 7 емшараға дейін) құрады. Жалпы қадағалау кезеңі 61 ай болған кезде,

Тәуелсіз қадағалау комитетінің (IRC) бағалауы бойынша, PCYC-1127-CA зерттеуінде монотерапия тобында байқалған жауаптың пайызы 77% құрады (0% ТЖ, 29% ӨЖІЖ, 48% ІЖ). Жауаптың орташа ұзақтығы 33 айды құрады (2.4 айдан 60.2+ айға дейін). Тәуелсіз қадағалау комитетінің (IRC) бағалауы бойынша монотерапия тобында байқалған жауаптың жалпы жиілігі 87% құрады (0% ТЖ, 29% ӨЖІЖ, 48% ІЖ, 10% ОЖ). Жалпы жауаптың орташа ұзақтығы 39 айды құрады (ауқымы 2.07 айдан 60.2+ айға дейін).

Балалар

Еуропаның Дәрілік заттар жөніндегі агенттігі МАЖЛ, СЛЛ және лимфоплазмалық лимфомасы (ЛПЛ) бар педиатриялық популяцияның барлық қосалқы топтарында Имбрувика препаратымен зерттеу нәтижелерін беру міндеттемесінен босатты (педиатрияда қолданылуы жөнінде ақпарат алу үшін 4.2 бөлімін қараңыз).

5.2 Фармакокинетикалық қасиеттері

Сіңуі

Ибрутиниб ішу арқылы қабылдағаннан кейін T_{max} 1-2 сағат медианасымен тез сіңеді. Аш қарынға күйіндегі абсолютті биожетімділігі ($n = 8$) 2.9% (90% СА = 2.1-3.9) құрады және тамақпен бірге қабылдаған кезде екі еселенді. Ибрутинибтің фармакокинетикасы әртүрлі В-жасушалық қатерлі ісіктері бар пациенттерде айтарлықтай ерекшеленбейді. Ибрутинибтің әсері дозаны 840 мг дейін арттырумен артады. 560 мг дозаны қабылдағанда пациенттерде байқалған тепе-тең күйдегі АUC (орташа ± стандартты ауытқу) 953 ± 705 нг.сағ/мл құрады. Ибрутинибті аш қарынға жай-күйде қабылдау 30 минут бұрын, кейін 30 минуттан соң (ас ішкеннен кейін) немесе құрамында майы жоғары таңғы астан кейін 2 сағаттан соң қабылдау кезінде қол жеткізілетін мәндермен салыстырғанда шамамен 60% концентрацияға (AUC_{last}) әкелді.

Ибрутинибтің ерігіштігі рН тәуелді, рН жоғарылаған сайын ерігіштігі төмендей түседі. Дені сау пациенттерде 5 күн бойы күніне бір рет 40 мг дозадағы омепразолды қабылдағаннан кейін ибрутинибтің бір реттік 560 мг дозасын аш қарынға қабылдағанда, тек ибрутинибті қабылдаумен салыстырғанда, (90% СА) AUC_{0-24} , AUC_{last} және C_{max} үшін орташа геометриялық арақатынасы сәйкесінше 83% (68-102%), 92% (78-110%) және 38% (26-53%) құрады.

Таралуы

Ибрутинибтің адам плазмасы ақуыздарымен қайтымды байланысуы *in vitro* 97.3% құрады, бұл ретте концентрация диапазонында 50-ден 1000 нг/мл-ге дейін концентрацияға тәуелділік болған жоқ. Тепе-тең күйдегі болжамды таралу көлемі ($V_{d,ss}/F$) 10 000 л жуықты құрайды.

Биотрансформациясы

Ибрутиниб көбінесе CYP3A4 изоферменттері арқылы, көбінесе, ВТК қатысты тежегіштік белсенділігі ибрутинибке қарағанда шамамен 15 есе төмен болатын дигидродиольді метаболитін түзе отырып метаболизденеді. Ибрутинибтің тотығу метаболизміне CYP2D6 изоферментінің қатысымы өте аз деп шамаланады.

Сондықтан, CYP2D6 изоферментінің әртүрлі генотиптері бар пациенттерде ерекше сақтық шараларын қолдану қажет емес.

Элиминациясы

Бақыланатын клиренс (CL/F) сағатына 1000 л жуықты құрайды. Ибрутинибтің жартылай шығарылу кезеңі 4-тен 13 сағатқа дейін құрайды. Бір рет ішу арқылы қабылдағаннан кейін [^{14}C]-Ибрутиниб (радиоактивті белгісі бар) сау еріктілерде радиоактивті заттардың шамамен 90% – ы 168 сағат ішінде шығарылды, көп бөлігі (80%) нәжіспен, ал 10%-інден азы несеппен шығарылды. Өзгермеген ибрутиниб нәжістегі экскреция өнімдерінің шамамен 1%-ін құрады және несепте жоқ.

Пациенттердің ерекше топтары

Егде жастағы пациенттер

Фармакокинетикасының популяциялық талдауының нәтижелері бойынша, жас шамасы Ибрутинибтің қан арнасынан клиренсіне елеулі әсер етпейді.

Балалар

18 жасқа толмаған пациенттерде Имбрувика препаратының фармакокинетикасын зерттеулер жүргізілген жоқ.

Жынысы

Фармакокинетикасының популяциялық талдауының нәтижелері ибрутинибтің қан арнасынан клиренсіне жыныстың елеулі әсерінің жоқтығын көрсетеді.

Нәсіл

Нәсілдің ибрутиниб фармакокинетикасына әсер етуі ықтималдығын бағалау үшін деректер жеткіліксіз.

Дене салмағы

Фармакокинетикасының популяциялық деректері ибрутиниб клиренсіне дене салмағының әсері елеусіз екендігін көрсетеді (ауқымы: 41-146 кг; орташа (SD): 83 (19 кг).

Бүйрек жеткіліксіздігі

Ибрутинибтің бүйректік клиренсі ең аз; метаболиттердің несеппен шығарылуы дозаның 10%-нен азын құрайды. Бүйрек функциясы бұзылған пациенттерде осы уақытқа дейін спецификалық клиникалық зерттеулер жүргізілген жоқ. Қазіргі уақытта бүйрек функциясының ауыр дәрежедегі бұзылуы бар немесе диализдегі пациенттерге қатысты деректер жоқ (4.2 бөлімін қараңыз).

Бауыр жеткіліксіздігі

Ибрутиниб бауырда метаболизденеді. Бауыр функциясының бұзылуларын зерттеулер препаратты аш қарынға 140 мг дозада қабылдаған, қатерлі ісіктері жоқ пациенттерде жүргізілді. Бауыр функциясы бұзылуының әсері пациенттер арасында айтарлықтай ерекшеленді, бірақ бауыр функциясының жеңіл (N = 6, Чайл-Пью бойынша А сыныбы), ауырлығы орташа (N = 10, Чайл - Пью бойынша В сыныбы) және ауыр (N = 8, Чайл-Пью бойынша С сыныбы) бұзылулары бар пациенттерде қандағы Ибрутиниб концентрациясының (AUC_{last}) орташа алғанда сәйкесінше 2.7 -, 8.2-және 9.8 есе артуы байқалды. Ибрутинибтің бос фракциясының концентрациясы бауыр функциясының бұзылу дәрежесінің артуына қарай жоғарылады және дені сау еріктілерде 3.3% бос фракция концентрациясымен салыстырғанда, тиісінше, жеңіл, орташа және ауыр дәрежедегі бауыр функциясының бұзылуы бар пациенттерде 3.0%, 3.8% және 4.8% құрады. Бауырдың жеңіл, орташа және ауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерде байланыспаған Ибрутиниб ($AUC_{unbound, last}$) концентрациясының сәйкесінше 4,1 -, 9,8 - және 13 есе жоғарылауы күтіледі (4.2 бөлімін қараңыз).

Тасымалдағыш субстраттармен / тежегіштермен бірге қолдану

Ибрутиниб, OCT2 қоспағанда, Р-гликопротеиннің және басқа да негізгі тасымалдаушылардың субстраты болып табылмайды. Дигидродиолды метаболит және басқа метаболиттер Р-гликопротеин субстраттары болып табылады. Ибрутиниб *in vitro* Р-гликопротеин мен сүт безі обырының резистенттілік ақуызының (BCRP) тежегіші болып табылады (4.5 бөлімін қараңыз).

5.3 Клиникаға дейінгі қауіпсіздік деректері

Келесі жанама әсерлер егеуқұйрықтар мен иттерде 13 аптаға созылатын зерттеулерде байқалды. Ибрутиниб асқазан-ішек әсерін (жұмсақ нәжіс/диарея және/немесе қабыну) және бақыланбайтын жағымсыз әсері бар егеуқұйрықтар мен иттерде лимфоидты сарқылуды (NOAEL) күніне 30 мг/ кг екі түрде де тудыратыны анықталды. Орташа әсер ету негізінде (AUC) клиникалық дозада күніне 560 мг AUC қатынасы сәйкесінше еркектер мен әйелдерде NOAEL үшін 2.6 және 21 және 0.4 және 1.8 құрады. Ең аз байқалған әсер деңгейі (LOEL) (60 мг кг/Күн) итте 3.6 есе (еркектерде) және 2.3 есе (әйелдерде). Егеуқұйрықтарда ұйқы безінің ацинарлық жасушаларының орташа

атрофиясы (қолайсыз деп саналады) еркек егеуқұйрықтарда ≥ 100 мг/кг дозаларда байқалды (AUC әсерінің шектік коэффициенті 2.6 есе) және ұрғашыларында күніне 300 мг/кг дозада байқалмады (AUC әсерінің шектік коэффициенті - 21 есе). Күніне ≥ 100 мг / кг енгізілген аналық егеуқұйрықтарда трабекулярлық және кортикальді сүйектердің орташа кішіреюі байқалды (AUC әсерінің шектік коэффициенті 20.3 есе). Барлық асқазан-ішектік, лимфоидтық және сүйек бұзылулары 6-13 аптаны құрайтын қалпына келтіру кезеңінен кейін жойылды. Ұйқы безі тарапынан анықталған бұзылулар салыстырмалы жою кезеңінде ішінара қалпына келтірілді.

Ювенильді уыттылығын зерттеу жүргізілген жоқ.

Канцерогенділігі / гендік уыттылығы

Ибрутинибтің адам үшін тәулігіне 560 мг дозадағы шамамен 23-тен (ерлердегі) 37 (әйелдердегі) есеге дейінгі AUC әсерінің шектік коэффициентімен, трансгендік (Tg.rasH2) тышқандарда күніне 2000 мг/кг дейінгі пероральді дозаларын қолданып жүргізілген 6 айлық зерттеуде, ибрутиниб канцерогенділігін танытқан жоқ.

Ибрутиниб бактерияларда, сүтқоректілердің жасушаларында немесе тышқандарда тестілеу кезінде гендік уыттылық қасиеттерді иеленбеген.

Репродуктивтік уыттылығы

Жүкті егеуқұйрықтарда ибрутиниб күніне 80 мг/кг дозада имплантациядан кейін жоғары жоғалумен және висцеральды (жүрек және ірі қан тамырлары) даму ақауларымен және әсер ету қоры 560 мг тәуліктік дозада пациенттерде анықталатын AUC-ден 14 есе асатын қаңқа ауытқушылығымен астасқан. Тәулігіне ≥ 40 мг/кг дозада ибрутиниб ұрық салмағының азаюымен астасқан (пациенттер үшін 560 мг тәуліктік дозамен салыстырғанда AUC ≥ 5.6 қатынасы). Демек, ұрықта NOAEL күніне 10 мг/кг құрады (күніне 560 мг дозада ибрутинибтің AUC шамамен 1.3 есе көп) (4.6-бөлімді қараңыз).

Жүкті қояндарда ибрутиниб күніне 15 мг/кг немесе одан жоғары дозада қаңқа ақауларымен (стернум) байланысты болды, ал күніне 45 мг/кг дозадағы ибрутиниб имплантациядан кейін жоғалудың жоғарылауымен байланысты болды. Ибрутиниб қояндарда тәулігіне 15 мг/кг дозада (тәулігіне 560 мг ибрутиниб енгізген МКЛ бар пациенттерде экспозициядан шамамен 2.0 есе жоғары (AUC) және тәулігіне 420 мг Ибрутиниб дозасын алған ХЛЛ немесе МВ бар пациенттерде экспозициядан 2.8 есе жоғары) даму ақауларын туындатты. күні). Демек, ұрықта NOAEL күніне 5 мг/кг құрады (күніне 560 мг дозада ибрутинибтің AUC шамамен 0.7 есе көп) (4.6-бөлімді қараңыз).

Фертильділік

Еркек немесе ұрғашы егеуқұйрықтарда зерттелген ең жоғарғы тәулігіне 100 мг/кг (тәулігіне ЭДЧ 16 мг/кг) дозасына дейін фертильділікке немесе репродуктивтік қабілеттілікке әсер етпеген.

6 ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

6.1 Қосымша заттар тізбесі

микрочристалды целлюлоза

натрий кроскармеллозасы

натрий лаурилсульфаты

магний стеараты

Капсуланың

корпусы

Желатин

Титанның қостотығы (E171)

Жазуға арналған

баяуы

- этанолдағы шеллак лағы (этирификацияланған 20%)

- темірдің қара тотығы (E 172)

- н-бутил спирті

- 2-пропанол
- аммиак ерітіндісі 28 %
- пропиленгликоль (Е 1520)

6.2 Үйлесімсіздігі

Қатысты емес

6.3 Жарамдылық мерзімі

3 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

6.4 Сақтау кезіндегі ерекше сақтық шаралары

25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Түпнұсқалық қаптамасында сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Шығарылу түрі және қаптамасы

Тығыздығы жоғары полиэтиленнен жасалған, балалардың ашып алуынан қорғалған бұралатын полипропилен қақпақпен жабылған, фольгамен бастырылған көлемі 160 немесе 200 мл құтыға 90 немесе 120 капсуладан салынған.

1 құтыдан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картоннан жасалған қорапшаға салынады.

Пайдаланылған дәрілік препаратты немесе дәрілік препаратты қолданудан кейін немесе онымен жұмыс істеуден кейін алынған қалдықтарды жою кезіндегі ерекше сақтық шаралары

Бүкіл дәрілік препараттың пайдаланылмай қалғанын және қалдықтарын белгіленген тәртіппен жою керек.

6.7 Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецепт арқылы

7 ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ ҰСТАУШЫСЫ

«Джонсон & Джонсон» ЖШҚ

Ресей Федерациясы, 121614, Мәскеу қ., Крылатская к-сі, 17/2

Тел.: (495) 755-83-57

Факс: (495) 755-83-58

e-mail: DrugSafetyKZ@its.jnj.com

7.1 ТІРКЕУ КУӘЛІГІ ҰСТАУШЫСЫНЫҢ ӨКІЛІ

Тұтынушылардың шағымдарын мына мекенжайға жіберіңіз:

«Джонсон & Джонсон» ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы Филиалы

050040, Алматы қ., Тимирязев к-сі 42, № 23 «А» павильоны

Тел.: +7 (727) 356 88 11

Факс: +7 (727) 356 88 13

e-mail: DrugSafetyKZ@its.jnj.com

8 ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ НӨМІРІ

ҚР-ДЗ-5№021240

9 АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ (ТІРКЕЛГЕНІН, ҚАЙТА ТІРКЕЛГЕНІН РАСТАУ)

Алғашқы тіркелген күні: 20 наурыз 2015ж.

Тіркеудің (қайта тіркеудің) соңғы расталған күні: 20 ақпан 2020ж.

10 МӘТІННІҢ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН КҮНІ

Дәрілік препараттың жалпы сипаттамасын <http://www.ndda.kz> ресми сайтынан көруге болады

